



БҮГІНГІ САНДА



**BAIQOŃYRDA
250 PÁTER
PAIDALANÝĜA
BERILDI**

2 >>



**BILIM
SAPASY –
URPAQ
SANASY**

4 >>



**AIMAQTYŃ ZERTTELÝ
ISINE SAIASI
FAKTORLAR ÁSER
ETKEN**

6 >>



**QYZYLORDADAĜY
TARIHI MATCH**

8 >>

PREZIDENT

ДСО ғимараты Астанада салынады



Елбасы Халықаралық сауда орталықтары қауымдастығының басқарма мүшесі (WTCA) Рольф Драакпен және «Nest Investments HOLDINGS» компаниясының корпоративтік инвестициялар жөніндегі директоры Мехран Эфтехармен кездесті.

Жиынға Президент Әкімшілігінің Басшысы Ә.Исекешев, Астана қаласының әкімі Б.Сұлтанов және сәулетші-дизайнер Кеннет Брюс Джеймс Андерсон қатысты. Кездесу барысында Мемлекет басшысына елордада Дүниежүзілік сауда орталығының ғимаратын салу жөніндегі жоба ұсынылды. Бұл нысан толықтай шетел инвестициясы есебінен бой көтереді. Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі кездесудің былтыр қазан айында Брюссельде өткен Қазақстан-Еуропа бизнес форумы алаңындағы келіссөздердің жалғасы екенін атап өтті. – Біз Брюссельде сіздердің ұсыныстарыңызды талқылап, тағы да кездесу өткізу жөнінде уағдаласқан едік. Халықаралық сауда орталықтары қауымдастығының мұндай жобаларды жүзеге асыру ісіндегі мол тәжірибесін ескерсек,

біздің ынтымақтастығымыз екі тарап үшін де жемісті болады деп ойлаймын. Бұл жоба елордамыздың келбеті мен рухына сай келіп, оның ажарын аша түскенін қалар едім, – деді Қазақстан Президенті. Елбасы Астананың бой көтеру үдерісіне ерекше тоқталып, ондағы әр сәулет нысанының тарихы жөнінде айтты. Нұрсұлтан Назарбаев Астананың бүкіл Еуразия құрлығының кіндігі ретінде батыс пен шығыс мәдениеттерінің сәулет стилін және салт-дәстүрін бойына сіңіргенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің павильондарын салу барысы мен нәтижелері жөнінде айтты. Халықаралық сауда орталықтары қауымдастығының басқарма мүшесі

Рольф Драак кездесуге және елордада жаңа нысан салу жөніндегі жобаны талқылауға мүмкіндік бергені үшін Мемлекет басшысына алғыс білдірді. «Nest Investments HOLDINGS» компаниясының корпоративтік инвестициялар жөніндегі директоры Мехран Эфтехар өз компаниясы үшін сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту үдерісіндегі Астананың стратегиялық тұрғыдан маңыздылығын атап өтті. – Біздің инвестициялық тобымызға қарасты ірі 18 дүниежүзілік сауда орталығы бар. Мұндай нысандарды қалай салып, қалай басқаруды білеміз. «Бір белдеу, бір жол» ауқымды жобасына қатысу жөніндегі біздің стратегиялық бағытымызда Қазақстан, соның ішінде Астана маңызды орын алады, – деді М.Эфтехар. Сонында Мемлекет басшысы Дүниежүзілік сауда орталығының жаңа ғимаратының жобасын мақұлдап, Астана қаласының әкімі Б.Сұлтановқа оны іске асыру жөніндегі бірлескен жұмыстарды бастауға тапсырма берді.



**СЫРДА
ЖАСТАРДЫ
ҚОЛДАУДЫҢ
ЖАРҚЫН
ҮЛГІСІ БАР**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен 2019 жылдың «Жастар жылы» болып жариялануы Қазақстанда тұрып жатқан 4 миллионға жуық жастың сенімін еселеткендей. Бойына жер сыйлағандай. «Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр», – деді Президент Астанада өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» форумында.

Назерке САНИЯЗОВА.
3-бет

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 190 Жарлығына сәйкес 2019 жылғы 13 ақпан сағат 11.00-де Н.Бекеежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі өтеді.

Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған. **Арал ауданы бойынша:** аудан әкімі аппараты, Арал қаласы әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйінің ғимараттары. **Қазалы ауданы бойынша:** Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы әкімі аппаратының, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы теміржол вокзалы, «Талап» авто-станциясы, «Ырыс-Болашақ» базары, Қазалы қалалық мәдениет үйі ғимараттары. **Қармақшы ауданы бойынша:** Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары. **Жалағаш ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жалағаш кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық емхана, №202 орта мектептің ғимараттары. **Сырдария ауданы бойынша:** Тереңөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлы-техникалық колледжі, №35, №36, №210 және №131 орта мектептер ғимараттары. **Шиелі ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Шиелі кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, теміржол вокзалы, «Арман» мәдениет үйі, №47, №219 орта мектептер ғимараттары. **Жаңақорған ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жаңақорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары. **Қызылорда қаласы бойынша:** Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Жайна», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жана базар» базары ғимараттары. **Ескертпе:** Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан.

НАЛЫҚ – QAZY, ЕҢБЕК – TARAZY

ЖАЛАҒАШ: Жетістікке тоқмейілсуге болмайды

Алашқа ана атанған Сыр өңірінің құт қонған өлкесінің бірі – Жалағаш ауданы. Бұл өңір облыстағы Сыр маржанының үштен бір бөлігіне жуығын өндіретін ынтымағы артқан, ырысы тасыған аудан ретінде де жұртшылыққа белгілі. Бейсенбіде аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев тұрғындар алдында өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Есепті кездесуге ҚР Президенті Әкімшілігінің инспекторы Нұрлан Тілешов, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев қатысты.

Ауданда атқарылып жатқан жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, ең әуелі әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен жаңа жұмыс орындарын құруға, аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталған. Аудан бойынша құрылыс жұмыстары қарқынды. Мәдениет ауылындағы 90 орындық балабақша ғимараты, 150 орындық клуб, спорттық кешен, Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімі ғимараты, Мырзabay ахун елді мекенінде ауыл әкімі аппараты ғимаратының құрылысы дер кезінде бітіп, халық игілігіне пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Еңбек елді мекенінде шағын рынок пен мейрамхана ашылып, халық қуанышын еселей түсті. Жалағашта ауыл шаруашылығы саласы өңір қазынасының ұлғаюына айтарлықтай үлес қосып келеді. Дикандар рекордтық өнім алуды дәстүрге айналдыруда. Бір гана



мысал, былтыр 15 млрд 254 млн теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген. Ауа райының қолайсыздығына, судың тапшылығына қарамастан, дикандар ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, 22382 гектар күріштің әр гектарынан 56,6 центнер өнім алды. Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға байланысты ауданда біршама жұмыстар атқарылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданның кәсіпкерлік саласында 1 млрд 207 млн теңгенің өнімдері өндіріліп, бюджетке 155 млн теңге салық түсті. Ауданда 2300 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Денсаулық, білім, мәдениет саласында да ілгері басу бар. Білім беру сапасы жылдан жылға жоғары көрсеткішке ие болуда. ҰБТ қорытындысымен өткен жылы облыс бойынша аудандар арасында бірінші орынды иеленді. Ауданның көрсеткіші 87,5 балды құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 5,9 балға өскен.



Жалағаш жері – қашанда толайым тірліктер атқарылатын, елдегі шараларды назардан тыс қалдырмайтын өлке. Саналы ғұмырын елдің өркендеуіне, туған жеріміздің көркеюіне арнаған тұлғаларды дәрiптеу мақсатында мемлекет және қоғам қайраткерлері Темірбек Жүргеновтің – 120, Лияс Қабыловтың – 115, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспановтың 90 жылдық мерейтойлары жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар, ауданда «Жаңғыру жолындағы

Жалағаш жастары» атты жастар форумы, «Ана – қоғамның ұйытқысы» атты ІІІ аудандық әйелдер форумы, облыстық ауыл жастарының слеті, Еңбек ауылдық округіндегі «Батыр Аналар» ансамблінің 30 жылдық мерейтойына арналған ауқымды шаралар жүзеге асқан. Мұның барлығы нәтижелі тірлік пен берекелі бірліктің арқасы. Тағы бір қуанышты жаңалық, биыл Жалағаш кентіне газ тарту мен орталық аурухананың құрылыс жобалары дайындалу үстінде.

Жалағаш ауданы.
Суреттерді түсірген
Махамбет АХМЕТОВ.

BRIFING

Өткен жылы құрылғанына 90 жыл толған Қармақшы ауданында атап айтар жетістік аз емес. Кәсіпкерлікке бетбұрыс нәтижесінде 300 жаңа жұмыс орны ашылған. Ауыл шаруашылығына негізделген аудан диқандары бұған дейін күріштің жаңа сортын жерсіндірсе, енді соя егуді қолға алмақ. Жыл еншісіндегі тағы бір жағымды жаңалық – Байқоңыр қаласында 50 пәтерлік 5 тұрғын үй құрылысы аяқталып, пайдалануға беруге әзір.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Байқоңырда 250 пәтер пайдалануға беріледі



Сонымен қатар биыл Жосала кентінің шығыс аймағында орналасқан тұрғындар көгілдір отын игілігін көретін болады. Өңірлік коммуникация қызметі алаңында өткен брифингте Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашев осындай жақсы жаңалықтармен бөлісті.

Ауыл шаруашылығында әрдайым үздіктер қатарынан көрінетін қармақшылықтар құс шаруашылығын дамытуды қолға алған. Өткен жылы Ақтөбе елді мекенінде құрылысы басталған құс фабрикасы биыл іске қосылмақ.

Өткен күз қорытындысымен аймақтың ең үздік шаруашылығы атанған «Жаңажол» ЖШС ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мақсатында құны 65 млн теңге тұратын, қуаттылығы сағатына 5 тонна күріш ақтайтын зауытты іске қосқан. Сондай-ақ, жоба құны 40 млн теңге болатын астық сақтайтын қойма құрылысы пайдалануға берілді. Ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы тағы бір жаңалық – соя егуді қолға алу.

– Дәстүрлі күріш дақылдан басқа да майлы дақылдарды, оның ішінде сояны өндірістік негізде өсіруді бастауымыз қажет. Бұл – суды аз талап ететін және нарықта сұранысқа ие болып отырған дақылдардың бірі. Биыл біз «Тұрмағамбет» ЖШС негізінде осы дақылды егуді бастаймыз, – деді аудан әкімі.

Жұлддызды қалада мемлекет қаржысымен тұрғын үй құрылысының жүруі де елеулі жаңалықтың бірі. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы ая-

сында 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысы бүгінде аяқталып, пайдалануға беруге дайын. Бұл сатып алу құқығынсыз Байқоңыр қаласында жұмыс істеп жатқан, кезекте тұрған 250 ел азаматына табысталмақ.

Жылдың қай мезгілінде де жұмысын тоқтатпайтын жаңа лагерь құрылысының аяқталуы да биылғы жыл еншісінде. Бұл мақсатта облыс бюджетінен 300 млн теңге бөлінген.

Өткен жылы Жосала кентінде автоматтандырылған газ тарату станциясын орнатумен қоса «Бейнеу – Шымкент» магистральды газ құбырынан бұрма газ құбырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Енді биыл газ кіргізу жұмыстары басталып, кенттің шығыс жақ бетінің тұрғындары алғаш болып көгілдір отын игілігін көрмек.

Жастарға арналған жылда ауданда алғашқы шаралар басталып та кетті. Өткен жылы аудандар арасында алғаш болып жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға арналған «Коворкинг» орталығы ашылса, жақында Төретам кентінде жастар ресурстық орталығы құрылған.

Аудан басшысы атап айтқандай, енді елді мекендер ішіндегі жол мәселесін шешу қолға алынады. Бір ғана мысал, аудандық маңыздағы Қызылтам елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңғырту үшін аудан бюджетінен қаржы бөлініп, тиісті құжаттар әзірленіп, республикалық бюджетке өтінім жолданыпты.

Өңірде өрелі істер бар

Соңғы жылдары Қызылорда қаласының ауқымы ұлғайып, әсем ғимараттар қатары көбейді. Даңғыл жолдар шаһарды жаңаша кейіпке ендірді. Бұл ретте коммуналдық сала мамандарының ұшан-теңіз еңбегінің арқасында ауыз толтырып айтарлық шаруа атқарылды. Бұл саладағы орайы келген істер мен алдағы жоспарлар жайлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Дәулет ҚЫРДАН.

Сол жағалаудағы қызу тірлік

Жиында алдымен сөз алған облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы М.Әлсеріков бюджеттен бөлінген қаржының толық игерілігін сөз етті. Айтуынша, басқарма арқылы жыл бойына 42 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілген. Оның басым көпшілігі 2017 жылдан жалғасқандар қатарында. Облыс бойынша 473,2 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілері тартылды. Сондай-ақ, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы аясында да ауқымды жұмыс бар.

– Несиелік тұрғын үй бойынша Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 240 пәтерді құрайтын 4 үйдің құрылысына 2,1 млрд теңге бөлінген. Бұл үйлерді жыл басында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз, – деді М.Әлсеріков.

Тұрғын үйді жаңғырту ауданда да жетті

Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту өңірдегі ілкімді істердің қатарында. Әйткенмен, облыс халқы бағдарламаны тиімді пайдаланғанмен, аудан жұртшылығы көнерген баспананы жаңғыртуға ықылас танытпаған еді. Бұл мәселе де оң шешімін тауып келеді. Тұрғындар ұсынысы бойынша енді аудан әкімдіктері облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына ұсыныстарын жеткізіпті. Мәселенің анық-қанығын жеткізген басқарма басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов аудан халқы да бағдарламаның тиімділігін түсінгенін айтты. Сонымен қатар, газдан-

дыру төңірегінде де сүйінші жаңалықтар бар.

– «Шыны зауытынан АГТС-1БГРП-1 және БГРП-2-ГРП-Наурыз, Махамбетов ауылына дейінгі жоғары қысымды 1,2 МПа газ құбырының құрылысы және Махамбет, Наурыз елді мекендерін кварталшілік газдандыру» жобалары бойынша 49,6 млн теңге қаралып, осы күні мердігер мекеме жобаны әзірлеп, мемлекеттік сараптама қарауына ұсынды. Оған қоса Сырдария өзенінің сол жағалауын газдандыру құрылысын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 650 млн теңге бөлінді, – деді Е.Жоламанов.

Екі мердігер лицензиядан қағылды

Сәулет, құрылыс саласын бақылауда да өрелі іс бар. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы М.Молдабаевтың айтуынша, өткен жылы «Береке» және «Проммедконтракт» серіктестіктері лицензиядан қағылған. Ал «Ардақ Құрылыс компаниясы» ЖШС лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылды. Басқарма тарапынан 364 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою жөнінде 101 нұсқа берілген.

– Заңнама талаптарын бұзған тұлғаларға қатысты 127 әкімшілік іс қозғалды. Жалпы сомасы 19 млн 435 мың теңге айыппұл салынған. Оның 13 млн 460 мың теңгесі өндіріліп, қалған 1 млн 808 мың теңгені мәжбүрлеп өндіру үшін сотқа жөнелттік. Бұл күнде қалған 4 млн теңгеден астамы өндірілу сатысында тұр, – деді М.Молдабаев.

Жолаушы тасымалы жанданды

Өткен жылдың жағымды жаңалықтарының бірі – «Мәскеу – Қызылорда – Мәскеу» әуе рейсінің ашылуы. «Аэрофлот» компаниясымен аптасына 4 рет қатынайтын бұл рейс талай жанды қуантты. Мұнан бөлек, облыс аумағында жолаушылар тасымалы мен жол мәселесі де шешімін тапқан. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы Е.Әбдіхалықовтың айтуынша, аймақтағы автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық өлшемі 63,5 процентке жеткен.

– Облыс аумағындағы 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 211 автобус маршруты ұйымдастырылған. Онан бөлек, облыс орталығынан Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш және Ақтөбе қалаларына облысаралық автобус маршруты да қолға алынды. Ал «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесі мен жобалық-сметалық құжаттары әзірлену үстінде, – деді басқарма басшысы.

Әскерге барғысы келгенге кедергі жоқ

Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шараларға облыс бойынша 93 365,4 мың теңге бөлінген. Өткен жылдың көктемгі шақырылымында 798 азамат жөнелтілсе, күзгі шақырылымында 866 азамат әскерге аттанды. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы А.Шаменов әскерге барғысы келгенге кедергі жоқ екенін айтты.

– Естеріңізде шығар, 2016 жылға дейін талапқа сай аудандық әскерге шақыру пункттері Сырдария мен Жаңақорған ауданында ғана болды. Ал қазір бұл қатарға Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен қалған бес аудан да қосылды, – деді А.Шаменов.

GAZET POSHTASYNAN

ЕЛ АЛҒЫСЫ ЕРЕКШЕ

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген жақсының жақсылығын айту, оның еңбегін бағалау азаматтық борышымыз деп білеміз. Тарих қойнауына енген 2018 жылдың соңғы күндерінде Арал ауданынан шалғай орналасқан Жаңақұрылыс елді мекенінде халықтың көптеген үлкен қуанышы болды. Атап айтқанда, ауылдың қақ ортасында көрнекті жерден еңсесі биік, тұрғындарға медициналық қызмет жасайтын, фельдшерлік-акушерлік пункт ашылып, халықтың игілігіне берілді. Ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жергілікті халықтың қуанышымен ортақтасыпты.

Әрине, бұл ел ішіндегі еңбектің бір ғана көрінісі. Соңғы уақытта ауданда тындырымды істер көбейді. Аудан орталығында да түрлі әлеуметтік нысандардың ашылуына куә болып келеміз. Ауылдық жерлерде мектеп ғимараттары, дәрігерлік емханалар мен медициналық бекеттер ашылды. Жаңақұрылыста көп жылдан бері шешімін таппай келе жатқан Жаңақұрылыс – Бекарыстан би аралығындағы автожолға бұл күнге дейін жөндеу жүргізілмеген еді. «Жол азабын жүрген біледі» дегендей, осы 23 шақырым жолдың жайын бір жыйында облыс әкімі Қырымбек Елеуұлына жеткізімізде жан-жақты қарап, оң шешімін табатындығын айтқан. Көп уақыт өтпей-ақ, Жаңақұрылыс – Бе-



карыстан би аралығында 23 шақырым автожол Қазалы ауданынан Арал ауданының теңгеріміне алынып, қаражат бөлінуіне ықпал жасалды. Жұмыс басталды, сәтін салса, биыл жыл аяғына дейін 23 шақырым жол асфальтталып, халықтың игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Қазір аудан, кент, ауыл әкімдерінің тұрғындарға есепті кездесулері өтуде. Халық мұндайда ұсыныс-пікірін айтады және оның орындалуын күтеді. Шалғайда орналасқан шағын ауылға 2018 жылы жасалған еңбекті «Сыр бойы» газеті арқылы осылай айтуды жөн көрдік. Әрине, халықтың мұқтажы бір мезетте шешіле бермейді. Әр нәрсенің өз кезегі бар. Кейде кездесейсің оқиғалар болады. Бұндайда басшының іскерлігі, білімділігі,

көрегенділігі, табандылығы керек. Жоғарыда айтқандай, Арал қаласында өткен жылы келесіз оқиға болды. Ж.Әлімбетов көшесіндегі екікабатты тұрғын үйде төтенше жағдай орын алып, 19 отбасы үйсіз қалды. Осы сәтте облыс басшысы келіп, тұрғындарды сабырға шақырып, аманшылық болса 4-5 айда жаңа үйге қоныстанатындығын айтқан еді. Сонымен қатар Аралтұз көшесіндегі екікабатты 8 отбасы тұрғын үй де апатты болып танылды. Осы 27 отбасыға заманға сай үйлер салынып, айтылған уақытта үй иелеріне кілттері табыс етілді. Сол кезде жас сәбилердің жәудірген көздерінен нұр шашылып, ата-аналарының қуаныштарында шек болған жоқ. Арал өңірінде 2018 жылы 150 орындық орталық аурухана,

№14 жаңа типті мектеп, аудандық сот ғимараты және де түрлі сауда орталықтары, ауылдық жерлерде мектеп, емхана, балабақша, медициналық бекеттер ашылып, халық игілігіне берілді. Мұның барлығы айтуға оңай, ал жұмыс табу, құжат жинау, қаражат көздерін істеу оңай шаруа емес.

2015 жылы ауыл орталығында жаңадан 200 орындық екікабатты мектеп бой көтерді. Мектептің алғашқы іргетасын аймақ басшысы өз қолымен қалап, бақылауға алды. Мектеп құрылысы сапалы аяқталғаннан кейін ашылу лентасын киып, ауыл тұрғындары мен ұстаздарға, оқушыларға игі тілек білдіріп мектеп бітірушілерге сәттілік тіледі. Бірнеше жылдан бері ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырғанымен, «Алтын белгіге» қол жеткізе алмай келе жатқан мектеп ұстаздары мен оқушылар осыдан кейін үш жыл қатарынан «Үздік аттестат» пен «Алтын белгіге» ие болды. Біз, ауыл ардагерлері, облыс, аудан басшылығына елдің шынайы ықылас-пейілін жеткізіміз келеді.

Сердалы ШАЛБАЕВ,
КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі.
Жаңақұрылыс ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

IT мамандары бас қосты

Қызылордада «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының ұйымдастыруымен «IT мамандарды даярлау» партиялық жобасы аясында «Welcome to IT» тақырыбында кездесу өтті.

Шынар БЕКБАН.

Елімізде Елбасының тапсырмасы бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында біршама оңды істер қолға алынды. «Нұр Отан» партиясы да цифрландыру бойынша – «Цифрлық партия», «Балаларға арналған тегін IT кластарын ашу», «IT мамандарын даярлау» жобаларын іске қосып, балалардың жаңа технология бойынша білім алуына қолжетімділікті арттырып отыр.

Басқосуда мамандар әлемдік IT нарыққа шығу, өңірімізде кәсіби мамандар даярлау мәселесін жан-жақты талқылады.

Елбасы Жолдауында «ЭКСПО-2017» көрмесінде IT стартаптар дайындап, халықаралық технопарк құру туралы айтып өткен болатын. Жолдауда айтылған міндеттерді жүзеге асыру бағытында Сыр өңірінде «Балалар технопаркі» іске қосылды.

– Қазіргі таңда технопаркте IT саласына арналған 6 үйірме толыққанды жұмыс жасауда. Оқушыларға бағдарламалау тілін және робототехника негіздерін, қарапайым алгоритмдерді құрастыру дағдыларын, бағдарламалар



мен веб-сайттар жасау, фото, видео, кинофильмдер, компьютерлік ойындар мен анимация түсіруді үйіретеміз. Мұндай

цифрлық біліктілігі бар оқушылар одан кейін қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі стартаптарға қатысып, өз

жобаларын ұсынды және аз уақыт ішінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Қазіргі таңда технопарктегі IT үйірмелерінде қаламыздан 150-ге жуық оқушы оқытылуда, – деді үйірме жетекшісі Раушанбек Сариев.

С.Толыбеков атындағы №3 мектеп-лицейінің директоры Меруерт Әбдіхалықова қаладағы алғашқы инновациялық IT білім ордасында оқығысы келетін оқушылардың саны артып келе жатқандығын жеткізді.

«Абылай хан» атындағы жоғары колледж директоры Руслан Дүлдүл колледж базасында ашылған «IT Құзырет орталығында» студенттер білімін жетілдіре отырып, түрлі оқытулар мен тренингтер өткізетіндігін, оны бітіргендердің озық мамандар қатарында екенін атап өтті.

СЫРДА ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ БАР



Мұндай жан-жақты қолдау елімізде тәуелсіздік алған күннен бері еш үзілген емес. Жастардың білім алуына, кәсіби, ғылыми және шығармашылық өсуіне жағдай жасау – қоғамды жаңғыртуға және алға ілгерілетуге салынған сенімді инвестиция екенін ескерсек, бұл алғышарттар елдімізді еңселі, болашағымызды баянды етуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Елбасының ел жастарына ерекше қамқорлығын сырбойылық замандастарымыз да сезініп, шарапаттын көріп келеді. Облыс халқының 24%-і жастар болса, олардың 42%-і қалада, 58%-і ауылда тұрып жатыр. Олардың сапалы білім алып, сұранысқа ие мамандық игеруіне, жұмысқа орналастыруна аймақ басшылығы тарапынан әрқазырақ қолдау бар. Бұл ретте жастар саясатын қаржыландыру бойынша былтыр республикада Қызылорда облысы көш бастағанын айтсақ та жеткілікті.

Одан бөлек, қазіргі таңда облыс орталығы мен аудандардағы жастар ресурстық орталықтарының мамандары нәтижелі қызмет атқарып келеді. 2021 жылға дейінгі «Жол картасы» әзірленіп, онда жұмысқа орналасу, тұрғын үй, білім беру, бос уақытты тиімді пайдалану және тағы басқа мәселелердің шешілу мүмкіндіктері нақтыланды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Сырдарияның сол жағалауында

1-бет



биыл бой көтеретін жастарға қызмет көрсету орталығы жан-жақты қолдау өрісін кеңейте түседі деген сенім бар.


2014 жылдан бері біздің түлектер Ресей Үкіметінің гранты негізінде көрші елдің беделді техникалық жоғары оқу орындарында оқи бастады. Осы аралықта Мәскеу мен Санкт-Петербургтің озық оқу орындарында білім алу мүмкіндігін 450-ден астам жерлесіміз иеленді. Өткен жылы Ресейде оқыған алғашқы түлектердің 31-і елге оралса, 45 студент оқуын магистратурада жалғастырып жатыр. Бірқатар жас «СКЗ-У», «Қызылорда жарығы», «Ансар Сервис», «Теплотехник» ЖШС-лары мен мамандандырылған мемлекеттік

мекемелерге жұмысқа орналасты.

Еламан Меңдіқұл – аймақ басшысының қамқорлығымен осындай мүмкіндікке ие болған көптеген жастың бірі. Ол «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университетін бітіріп, туған жерге оралды. Бүгінде «Қызылорда жарығы» серіктестігінде еңбек етуде. «Жастар жылына» қатысты бастамалар елімізде күш алып келеді. Ал біздің аймақта облыс

АДАМ АРМАНДАЙ БІЛУІ КЕРЕК

Мен Мәскеу ұлттық технологиялық зерттеулер университетінде (НИТУ МИСиС) «Машина жасау конструкторы» мамандығы бойынша білім алудамын. Қазір 3-курс студентімін. Өзім Жалағаш ауданының тумасымын. Сол аудандағы №31 мектепте оқып, білім алдым. Енді, міне, облыс әкімінің қолдауымен Мәскеуде оқып жатырмын.



Негізі, Мәскеуде оқу менің бала күнгі арманым болатын. Бастауыш сыныпта Анастасия Янгүлеевна деген мұғалім сабақ берді. Ол кісі біздің сынып жетекшіміз еді. Бір күні Анастасия апайымыз бізге «Кім ұшаққа мінді?» деген сауал қойды. Сонда арамызда бір ғана қыз қол көтерді. Мен сол сәттен бастап ұшаққа мінуді армандалдым. Осы апай бір күні «Кім Мәскеуде болды?» деп сұрады. Мен дәптеріме Мәскеу деп жазып қойдым. Үйге барғаннан соң анаман Мәскеу туралы сұрадым. Ол кісі өзі білетіндерін айтып, Ресей астанасы туралы кітаптарды көрсетті. Мен сол кезден бастап осы қалаға баруды армандалдым. Міне, сол арманым орындалды.

Облыс әкімінің қолдауымен Ресей университеттерінде сол елдің есебінен білім алған түлектердің атынан аймақ басшысына алғысымды білдіремін. Мұндай мүмкіндік басқа аймақтарда болмағанын атап өту керек. Мәскеу мен Санкт-Петербургте көбінесе сырбойылық жастар оқуда. Бізге жасалған материалдық және рухани қолдауларыңызға басқа облыстардан бөлек, көршілес мемлекеттерден барған қатарластарымыз да қызғырақ қарайды. Өзім оқып жатқан мамандығым бойынша Қазақстанда жұмыс жасап, осы саланы өркендетсем деймін.

Нағида ӘБДІРЕЙІМ,
Мәскеу ұлттық технологиялық зерттеулер университетінің студенті.

әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен жастарды қолдау шаралары бірнеше жылдан бері іс жүзінде көрініс тауып үлгерді. Өзім секілді көрші елде білім алып, Қызылордаға қайтып келген алғашқы түлектер – осы бастаманың оң нәтижесі», – дейді ол.

Ел жастары үшін ұтқыр ойлар мен ұтымды пікірлер алаңына айналған «Жас Отан» жастар қанаты тарапынан облыста атқарылып жатқан оңды істер жетерлік. Солардың бірі – «Сәтті кадам» партиялық жобасы. Жоба аясында оқушылардың мамандық таңдауына қолдау көрсету мақсатында 2018 оқу жылында 9-11 сынып аралығындағы 1700 оқушы жергілікті кәсіпорындардың, зауыттардың, цехтардың жұмысымен танысты.

«English for jastar» партиялық жобасы ауыл жастары үшін тіл менгерудің керемет мүмкіндігі болып отыр. Аймақта игі бастама табысты жүзеге асырылды. Барлық ауданда 11 ерікті ағылшын тілін оқушыларға тегін үйретті. Ол үшін тиісті жағдай түгел жасалып, жан-жақты қолдау көрсетілді. Қазіргі таңда 350 бала ағылшын тілін ақысыз түрде үйренді.

Бұл – атқарылған шаралардың бір парасы ғана. «Республика бойынша «Жастар жылындағы жетістік» атты ауқымды акция басталды. Шарала әрбір жас биыл бағындырған белестерін, жеңістерін әлеуметтік желіге «#JJ2019» белгісімен жариялап отыруы қажет. Жыл соңында акция қорытындыланып, жеңімпаз жастар туралы арнайы жинақ шығарылады», – дейді «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес.

Елімізде әлеуметтік саясатты жүргізу мақсатында қолға алынған ауқымды жобалардың бірі – жастарға, әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған ел тұрғындарын қолдауға бағытталған «Zhas Project» жобасы. Жоба идея-

сы мол, кәсіпкерлікке икемі бар жастарға қанат бітіргені рас. Оған былтыр облыс бойынша 671 жас жобасын ұсынып, оның ішінде 266 жоба қолдау тапты.

Маргинал жастармен жұмыс жүргізу, оларды еңбекпен қамту мәселесі де ұдайы басты назарда. Статистикаға сүйенсек, аймақта NEET санатындағы жастар санының жылдық көрсеткіші төмендеген. Оған еңбек ресурстары балансының жыл сайын жанаруы, облыс бойынша NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарының, облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі жол картасының жүзеге асырылуы ықпал етті.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов ендігі кезекте жастардың ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге мән берілетінін айтады. «Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамда өз орнын табуы керек. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынды, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуына жастарға қатысты ғана емес, өзге де салалық мемлекеттік бағдарламалар бағытталып отыр», – дейді ол.

Көптеген игі бастама, тың жоба, ілкімді істер Жастар жылының еншісіне тигелі тұр. Осы орайда ел ертеңі саналатын жастар қауымына артылатын үміт, жүктелетін жауапкершілік жүгі салмақты. Өйткені ақыл – жастан. Бұл жыл арамызда жүрген небір дарынды, талантты, қабілетті жастардың қарымын байқатып, қадамын нықтай түсуіне сеп болады деп сенеміз.

ЖАСТАРҒА АРТЫЛҒАН ЖҮК САЛМАҚТЫ



Кез келген елдің болашаққа салған ең үлкен капиталы – бала тәрбиесі. «Елдің ертеңін көргің келсе, жастарына кара» деген бар. Шүкір, мәңгілік елге айналудағы егемендіктің еңселі жылдарында ешкімнен кенже қалғанымыз жоқ. Оқ бойы алдамыз, экономикамыз тұрақтады, ұлттық идеология жолында үлкен өзгерістер мен дамуға кадам басудамыз. Мұның барлығы

елдегі тыныштық пен бірліктің арқасы. 2019 жыл «Жастар жылы» болып аталуы да бізге берілген баға емес, үлкен сенім екеніңіз тағы бір дәлелі. Мемлекет басшысы өткен жылдың соңында жариялаған кезекті Жолдауында жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігін айтқан болатын.

Бұл бағыттағы жоспарлар Жастар жылының ресми ашылуына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» форумында белгілі болды. Әр саладағы табысты жастар бас қосқан жылында елімізде кейінгі толқындар қолдау шаралары мен алдағы бастамалар баян етілді. Бұл бізді алдағы жеңістерге жетелейді.

Әділ БЫРАХИМ,
Қармақшы аудандық «Жастар ресурстық орталығы» директоры.

БОЛАШАҒЫМДЫ БАҒДАРЛАҒАН БАСТАМА

Еліміздің бас шаһарында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атауымен Жастар жылының ашылу салтанаты болып өтті. Форумдағы түрлі салалар бойынша табысты жастардың жалынды сөздері мені жігерлендіріп, болашаққа деген сенімді арттырды.

Жастар форумындағы жастар тарапынан маған ұнаған жағымды ұсыныс – ұлттық тіліміз бен әдебиетімізге қатысты жас ақын-жазушылар атынан сөз алған Мерей Қарттың жас қаламгерлерге арналған әдебиет академиясын ашу туралы пікірі. Бұл ұсыныс іске асқан жағдайда жалынды, жырсүйер жастардың мәдениетке деген ынтасы артып, жандық әлемдік әдебиетке өз үлестерін қосары анық.

Сонымен қатар білім беру жүйесінде өзіндік идеяларын, ұтымды жобаларын ұсынып жүрген Рауан Кенжеханұлының да пікірлері көкейде жүрген ойларымды дөп басқанды. Оның жобалары «Kitar.kz», «Bilim land» бағдарламаларымен колледж оқытушылары мен студенттері етене таныс, әрбір сабақ барысында үнемі қолданудамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге ізет білдіру секілді

адамгершілік қасиеттерді дамыту біздің ата-бабамыздан қалған асыл салтымызда бар» – деген Елбасы пікірін тыңдап тұрғанымда, колледж студенттері атынан қарттар, балалар үйінде үнемі ұйымдастырып жүретін қамқорлық акцияларымыздың сауапты іс екенін түсіндім.

Мені болашақ маман ретінде Елбасының «Дипломмен – ауылға!» жобасының жалғасын табатыны қуантты. Бұл қаншама жастардың болашағының баянды боларының бірден-бір кепілі. Колледжді тәмамдаған соң жоғары оқу орнында оқуымды жалғастырып келеді және ол арманымының орындалатынына да күмәнім жоқ. Өйткені, Елбасы жоғары оқу орындарына бөлінетін грант санын тағы да көбейтпек.

Жастармен кездесу соңында Елбасымыз: «Сендердің күш-қуат, қайраттарыңды Тәуелсіз Қазақстанның болашағына жұмсайтындарына сенемін» – деп жастарға жауапкершілік жүгін арты. Ендігі міндет сол сенім үдесінен шыға білу, жастар жылында жалынды істерімізбен көріну деп білемін.

Айзат АРА.ПАБЕВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің 3-курс студенті.

TALQY

ЖҰМЫЛА КҮРЕСКЕН ІС НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Елімізде қуат өзігіне түскен жегі құрттай жемқорлықты жою мәселесі күн тәртібіне түспей тұр. Жемқорлық мемлекеттік органдардың қызметіне кері әсерін тигізіп, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатындықтан, онымен күресте көп болып жұмылу нәтиже бермек.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Бейсенбіде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын сыртқы талдау және бағалау жөніндегі облыс бойынша арнайы мониторингтік топтың отырысы өтіп, онда атқарылған жұмыстар бойынша хабарламалар тыңдалды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов бұл кеселмен күресте идеологиялық-ақпараттық қолдаудың маңызына тоқталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілердегі мемлекеттік органдардың ресми парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күресті насихаттау үздіксіз жүргізіліп келеді. Ойы орамды, абырой-беделі бар азаматтардың пікірін негізге алып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру, тағы басқа формада ақпараттық-насихаттау жұмыстары ұйымдастырылып келеді. Азаматтық қоғам өкілдері де сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға бағытталған «Азаматтық қоғам» әлеуметтік қызметін жүзеге асырды.

Облыстық ішкі саясат басқармасы өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалға мониторинг жүргізу үшін әлеуметтік зерттеуге сүйенеді. Тұрғындардың сыбайлас жемқорлық мәселесіне көзқарастарына арналған әлеуметтік сауалнама қорытындыланды. Респонденттердің сыбайлас жемқорлық жағдаймен кезікпегендері бұл жағдайды бастан өткергендерге қарағанда әлдеқайда көп. Сондай-ақ, маңызды әрі жедел проблемасын шешу үшін пара беретіндерге қарағанда, сыйақы бермейтін тұрғындар үлесі молырақ.

Басқарма қызметкерлері арасында заң бұзушылықтарды болдырмаудың алдын алуға байланысты іс-шаралар жоспары бекітілген. Апта сайын заңмен көзделетін жауапкершіліктері түсіндіріліп

келеді. Мемлекеттік сатып алу аясында көрсетілген қызметтерді веб-портал арқылы электрондық нұсқада жолдау қолға қойылды.

Жалпы идеологиялық жұмыс, ақпараттық насихат – көзге көрінбейтін, нәтижесі ешқандай өлшем бірлікпен өлшенбейтін, бастысы – уақытты талап ететін сала. Дегенмен азаматтарды жемқорлықтан аулақ болуға, қара алмауға, бермеуге үндеу, оның соны қандай келесіздіктерге апаратынын көрсету, айту арқылы алға жылжымыз. Біреудің қателігінен екінші адамның сабақ алуына, оны қайталамауға тырысуына насихаттық күрес арқылы қол жетпек. Бұл реттегі жұмыстарды ұйымдастыруда түпкі мақсатты көздеп, нәтижеге ұмтылу керек.

Ұрпақтың рухын, берік әрі кемел

қыламыз десек, кез келген салада еңбек етіп жүрген әрбіріміз жемқорлық жағдайына жанымыздың төзбейтінін көрсетуіміз ләзім. Бұл орайда бірінші орынға жеке мүдде шықса, онда ұрпақ алдындағы аманат орындалмай қалады.

Топ мүшелері хабарламашы өз сауалдарын қойып, тиісті жауап алды. Күн тәртібі бойынша Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Б.Жаниязов, Жаңақорған ауданы әкімінің аппаратының басшысы Ә.Абдуллаевтың баяндамалары тыңдалып, ұсыныстар берілді. Мониторингтік топтың төрайымы А.Ізденнің айтуынша, аудандардағы мониторингтік топтардың құрамын жаңалау керек. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таппақ.

ELBASY JOLDAÿY – ELDIKTIŇ ARQAÿY

БІЛІМ САПАСЫ — ҰРПАҚ САНАСЫ

2018 жылдың 5 қазан күні Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын жариялады.**Ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттеріне арналды.**

«Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандықтары бойынша 80 бала аудандық комиссиялардың жолдамалары арқылы оқуға қабылдана, «Сылақшы», «Қаптаушы-тасышы», «Тігінші» біліктілігі бойынша

мамандығы дуалды оқыту жүйесіне көшірілді.

Жолдауда «Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс» деп көрсетілгендей, 2019 жылдың ақпан айында колледж білім мекемесі Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінің (БСҚА-ІО) институционалды және мамандандырылған аккредиттеуінен өтеді. Дипломмен бірге кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау сертификатын алған түлектеріміз тек Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар Ресейдің де түкпір-түкпірінде жұмысқа орналасып, еңбектерінің жемісін көруде.

Колледж білім алушыларды колдау ниетінде студенттің тәуелсіз және өздігінен іс-әрекеттерін дамытуға талпындырады. Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың мақсаты – білім алушылардың мақсаттарына жету нәтижесін бағалауды үйренудің стратегиялық әдістерін менгеру дағдыларын қалыптастыру. Жыл сайын дәстүрлі іс-шаралар – «Студенттер қатарына қабылдау», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні», «Наурыз», «Мамандығым-мақтанышым», «Ашық есік күні», «Таланттарды шақырамыз», «Қыз сыны», «Жігіт сұлтан», «Алтын күз», «Жолың болсын, жас маман!» және спорттық іс-шаралар өтеді. Студенттерді мәдени-көпшілік, әлеуметтік маңызды іс-шаралармен қамту – колледж қызметінің 80%-ін құрайды.

Елдің келешегі, тәуелсіздік тұтқасын ұстау, еліміздің болашағы – жастар екені даусыз. Сондықтан да Мемлекет басшысы қашан да жастардың мәселесіне ерекше назар аударып, әрбір Жолдауда жастарға үлкен ықылас танытады. Күні кеше Елбасының қатысуымен «Жастар жылының» ашылуы болды. Бұл жастар арасында серпіліс туғызып, жаңа идеялар мен жаңа бастамалардың бастауы болары анық. Студент-жастарымыз «Жастар жылының» салтанатты ашылу рәсімінің жаппай көрсетілімін тамашалады.

Әнуар ДӘУЛЕНБАЕВ,
академик С.А.Жиенқұлов
атындағы Байқоңыр
колледжінің директоры,
облыстық мәслихат
депутаты.



Бұл Жолдауда ерекше назарға алынғаны, ол әрине, әлеуметтік мәселелер. Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеген әлеуметтік шаралар жасау тұрғысындағы мақсаттарды белгілеп берді. Осының өзінен Елбасы мемлекеттік саясаттағы ең басты капитал – адам екендігіне басты назар аударып отыр. Жолдауда атап көрсетіліп, Үкіметке тапсырма ретінде берілген – білім және денсаулық сақтау саласын жетілдіру, еңбек-ақыны көбейту, халық табысын арттыру, мемлекеттік қызмет көрсетулердің жақсаруы – міне, адам капиталын инвестициялауға жасалған осы шаралардың бәрі қазақстандықтардың өмір сапасының артуына негіз болары сөзсіз.

Осы орайда жұлдызды қалашықтағы академик С.А.Жиенқұлов атындағы Байқоңыр колледжі ұжымының барлық мүшесі білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатты жүзеге

асыруға атсалысып келеді. Педагогикалық құрамға қойылатын басты талаптардың бірі – білім беру сапасын қамтамасыз ету.

Сапаны қамтамасыз етуде мүдделі тараптар: әлеуметтік серіктестіктер, ата-аналар қатысады. Білім беру нарығындағы бәсекеге қабілетті құзыретті мамандар даярлау мақсатында тәжірибе алмасу базаларының мамандары мен басшылары өндірістік тәжірибенің барлық түрлерін сапалы ұйымдастыруға белсенді түрде атсалысады. Білім мекемесінің миссиясы – Қазақстан экономикасының өндірістік деңгейін көтеруге қабілетті, теориялық және практикалық дағдыларды жетік игерген, адамгершілік қасиеттері жоғары, бәсекеге қабілетті маман дайындау.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес «Туризм», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» және

қысқа мерзімді курстарда да жолдама арқылы келген жұмыссыз азаматтар оқытылуға. Бағдарлама аясында білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік жағдайы төмен, яғни ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, көпбалалы отбасы балалары, ата-анасы жұмыссыз және аз қамтылған отбасы балалары оқуға қабылданды.

Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, колледжде 32 бейнебақылау камерасы құрылды. Заманауи үлгідегі оқу құрал-жабдықтары алынып, колледждің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Жаңа білім беру бағдарламаларына көшу мақсатында «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Туризм», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары модульдік-құзыреттілік жүйесіне негізделіп оқытылса, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»

жылдың 1 қазанына есептеліп тұрған негізгі қарызы 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін өтеген тұлғалардың өсімпұлдары мен айыппұлдарына рақымшылық жасау қарастырылды. Олар – әрине, кіші және орта бизнес өкілдері болады. Бұл рақымшылық, сонымен қатар, ҚР «Банкроттық және оңалту шаралары бойынша» заңдылығына сәйкес, оңалту амалдары жүргізіліп жатқан немесе салығын төлеу мерзімі кейінге қалдырылған тұлғаларға да қолданылады.

Мемлекеттік кірістер департаментінің құзырындағы мәліметтер бойынша, облысымызда 2018 жылдың 1 қазанына жалпы берешегі 2,2 млрд теңгені құрайтын 1811 шағын және орта бизнес өкілі бар. Оның 1,5 млрд теңгесі негізгі қарыз, 600 млн теңгесі – өсімпұл, 100 млн теңгесі – айыппұл. ҚР Салық кодексінің 49-бабына сәйкес, салықтар мен төлемдерді төлеу міндеттемесін орындау мерзімі өзгертілген, яғни кейінге қалдырылған 7 тұлға бар, олардың берешегі 343 млн теңге көлемінде (негізгі қарыз – 276 млн, өсімпұл – 67 млн теңге). Ал сот шешімімен оңалту рәсімінен өтіп жатқан 33 салық төлеушінің қарызы 2 млрд 634 млн теңгені құрап отыр. Мұндағы негізгі қарыз 2 млрд 97 млн теңге, өсімпұл мен

айыппұл, тиісінше, 537 млн және 300 млн теңге. Осы 1851 тұлғаның рақымшылықты пайдалануға мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде Қаржы министрлігі салықтық рақымшылықты жүргізудің тетіктерін анықтайтын Ереже жасайды. Осыған орай, мемлекеттік кірістер органдары алдағы наурыз айынан бастап өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару шараларына кірісе алады. Бет есептерге күнделікті жүргізіліп отыратын мониторинг нәтижесімен, негізгі қарыз төленгеннен соң 3 күннің ішінде өсімпұл мен айыппұлды есептен шығару туралы шешім шығарылады.

Салықтық рақымшылық нені көздейді? Шағын және орта кәсіпкерлік сан алуан саланы қамтиды. Салықтан қордаланған қарызын өтеуден соң кәсіпкердің жаңа мүмкіндіктері ашылады. Кәсібін әрі қарай жүргізуге, жаңа кәсіп түріне ауысуға, жаңа идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға жағдай туады. Бір сөзбен – шағын және орта бизнестің жаңа тынысын ашуға болады.

Базархан АҚЖІПТ,
облыс бойынша мемлекеттік
кірістер департаменті
борыштармен жұмыс
басқармасының басшысы.

РАҒЫМ

Әлеуметтік желіден бірнеше рет шаңырақ көтерген жастардың той өткізуден бас тартып, қайырымдылық жасағанын көргенде шын сүйсінгенбіз. Жақында осындай әңгімені құлағым шалып, тағы да қуанып қалдым.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – РУХЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ

– Шашылып-төгіліп үйлену тойын жасаудың не керегі бар? Одан да екі жасқа ата-аналары бірігіп, үй әперсе...

– Мәнінше екі жас тойға кететін шығынды қайырымдылыққа жұмсағаны дұрыс. Болмаса саяхаттап кайтсын.

– Тойға 300-400 адам шақырып не керек, ең дұрысы ет жақындырына шағын отырыс жасап, үйден тамақ берсе де болады...

Жалпы қазір қоғамда әр нәрсеге байыппен қарау, яғни, прагматизм анық байқалады. Тіпті өзін дамытуға, жаңа қырынан танылуға асығатын жастар көбейді. Әлеуметтік желідегі психологиялық тренингтер мен түпкі сананы өзгертуге байланысты кітаптарға сұраныс жоғары. Бұл – қоғамды жаңартуға көп септігін тигізеді. Өйткені бәсекеге қабілетті тұлға ең алдымен сауатты, түрлі ғылым салаларынан, әсіресе математикадан, психологиядан хабары болуы керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі мақсаты – қоғамдық сананы өзгерту. Әрине, жылдар бойы санамызда жатталып қалған қағидалы бұзып-жарып, күнделікті дағдымызды басқа арнаға бұру оңай шаруа емес. Ол үшін ең алдымен әр адам өзін жеңуі тиіс.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 200-ге жуық ауқымды шара өткізілді. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы аймақтағы барлық аудан тұрғындарымен кездесіп, семинарлар ұйымдастырды. Алайда атқарылған жұмыстар өз мақсатына жетті ме, көпшілік сұранысын қанағаттандыра алды ма деген сауалдар көкейден кетпейді. Өйткені кейбір шараларға қатысушылардың мәжбүрліктен отырып, тіпті кейбірін еш нәрсе қызықтырмайтынын байқағанымызда жанымыз күйзелді.

Әсіресе жастар аудиториясын қандай тақырыптар қызықтырады? Оларға қандай форматтағы шаралар ұнайды деген сауалдар санамызда сайрап тұрды. Алғашқы әрекетіміз өте сәтті шықты десек қателеспейміз. Облыстық «Ана мен бала» орталығына барып, 20 жаңа туған сәбиге есімдері жазылған домбыра сыйлау рәсімі көпшіліктің ыстық ықыласын тудырды. Бұдан бөлек, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бойынша мектеп мұғалімдерінің дебаты, «Ғашықтық жырлардағы ұлттық құндылықтар» сайысы, ұлттық сусындар акциясы аймақта алғаш рет өткізілді.

Жасыратыны жоқ, бағдарлама логотипін кез келген шараларға қою қатты белең алып кетті. Сондай-ақ көпшілік шараларда кері байланыс, қатысушылардың пікірі, ұсынысы туралы мүлдем назардан тыс қалып жатады. Оның үстіне бағдарлама мазмұнына сәйкес келмейтін спорттық сайыстар, байқауларға логотипін жапсыру жұртты жалықтырып жіберді. Мұның басты себебі, әлі де болса бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін жете түсінбеуден, екінішіден, есепке енгізу үшін ғана шара өткізушілердің жауапсыздығынан деп білеміз.

Жоғарыда аталған мәселелердің бәрін бір күнде шешу мүмкін емес. Соған қарамастан, орталық мамандары барлық ауданда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін тақырыбында семинар өткіздік. Семинарға ішкі саясат, мәдениет, жастар бөлімдерінің мамандарымен бірге мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Семинарға қатысушылардан бағдарламаға байланысты бірнеше сұрақтарды қамтитын сауалнама алдық. Орталық жүргізген

сауалнамаға 730-ға жуық адам қатысты. Олар бағдарлама туралы ақпаратты негізінен интернеттен, телеарнадан алатынын жеткізді. Сауалнамаға қатысушылардың 70% бағдарламаның болашағына сенеді, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жаңа жобаларды күтетінін білдірген. Бұл нәтижеге шын қуандық. Елдің болашағына сеніммен қарайтын жастар өз жобаларын жүзеге асырғысы келеді. Бағдарламаға байланысты ұсыныс-пікір білдірушілер қатары қатысушылардың 40%-ын ғана құрады. Мәселен, базар манынан радиотораптарын ашу, күнделікті «Қазақ радиосының» хабарларын тыңдау арқылы көпшіліктің рухани әлемін байыту, Сыр өңірінің тарихына байланысты мультфильм түсіру, мектеп оқушыларының киелі жерлерге саяхатын ұйымдастыру, аймақтық туризмді дамытуға байланысты ұсыныстар көңілге қоныды.

Жоғарыда аталған пікірлерді жергілікті мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер қолдаса екен деген тілегіміз бар.

Елбасы бағдарламаны жаңа мазмұнда дамыту мақсатында «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жариялады. Біздің елімізде бұрын-соңды болмаған бірнеше жобаларды ұсынып, тарихи сананы жаңғыртуға байланысты нақты тапсырмалар берілді. Ендігі міндет – жаңа жобаларды нәтижелі іске асыру.

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасына барлық министрлік пен барлық мемлекеттік органдар жауапты. Бағдарлама әрбір азаматтың санасын өзгертуге, әрбір азаматтың бойында отаншылдық, мемлекетшілдік сезімін оятқанда, өз нәтижесін береді.

Бағдарламаның бәсекелік қабілет, сананы ашықтығы, прагматизм, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы, ұлттық бірегейлікті сақтау принциптері меритократиялық қоғам құруды көздейді. Меритократиялық қоғам дегеніміз – бұл әрқайсысының қабілетіне қарай, еңбегіне қарай, ал мұқтаждарға қажеттіліктеріне қарай құрылған, барлығына тең мүмкіндіктер мен лайықты өмірдің әділ қоғамы.

Ал әділ қоғам, қайырымды қала тұрғызу әл-Фарабидің трактаттарында жазылғаны көпшілікке аян. Біз көбінесе әділдікті биліктен, шындықты айналандан іздейміз. Шын мәнінде қоғамның кемшілігін әркім өзінен іздеп, соны түзете білсе, ойымыздағыдай өмір сүруге дағдыланар едік.

Заманауи әлемде әр жеке тұлға өзін-өзі көрсете білуі үшін қоршаған ортаға деген қызығушылық, жаңалықты қабылдай білу, шығармашылық және кәсіби бәсекелік қабілет, қоршаған әлемнің сыни қатерлерін қабылдай және еңсере білуі қажет. Сондай-ақ, өз білімін жетілдіруге және өмір бойы білім алуға ұмтылуға ықпал ететін жобалар қажет. Бағдарлама аясында «Қазақ тіліндегі 100 оқулық» арнайы жобасы мен таңдаулы ақын-жазушылардың көркем шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылып, басылуға. Бұл жобалар мақтануға тұрарлық жетістіктеріміздің бірі ғана.

Бір сөзбен айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – бүгінгі қоғамның идеологиялық құрамы. Сондықтан да оған барынша жауапкершілікпен қарағанымыз абзал. Ең бастысы – әр азаматтың әлемді өзгерте алатын мүмкіндігі бар.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
облыстық «Рухани
жаңғыру» орталығының
бөлім басшысы.

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ТЫНЫСЫН АШАТЫН ШАРАЛАР

Елбасының өткен жылғы қазан айындағы халыққа Жолдауы қазақстандық әрбір азаматтың мүддесін қолдап отыр. Құнды құжатта Президент «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналуға тиіс» деді. Ал мемлекет қазынасын толтыру және бизнеске қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ету міндеттелген мемлекеттік кірістер органдарына бұл үлкен жауапкершілік жүктелді. Бизнес өкілдері үлкен бір серпіліспен қабылдаған жаңалықтың бірі салықтық рақымшылыққа қатысты.

Үш жыл ішінде экономикадағы көлеңкелі айналымды кем дегенде 40 процентке төмендетудің бағыттары қатарында, Үкіметке Елбасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін салық амнистиясын жүргізуді тапсырды. Өткен жылдың соңғы айларында Мемлекеттік кірістер комитетінде бұл тапсырманың орындалуының алғышарты – тиісті заңнамалық өзгерістер дайындалды, жобалар «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісілді.

Еліміздің тарихында осыған дейін де үш мәрте салықтық амнистия жарияланған болатын (1997-99 жылдарда, 2011 жылы және 2015 жылы). Соңғы екі рақымшылық аясында республика бойынша 143,7

млрд теңге көлемінде өсімпұл мен айыппұл кешірілген. Бұл екі акцияның тиімділігі айтарлықтай болды деуге болады. Себебі, соңғы 2015 жылғы рақымшылықты пайдаланған тұлғалардың 67% қазіргі күнге қарызы жоқ. Талдау көрсетіп отырғандай, бұл – 680 мың салық төлеуші, оның ішінде 17 мың заңды тұлға, 105 мың дара кәсіпкер, 557 мың жеке тұлға болған.

Былғы рақымшылық нормалары Елбасы 2018 жылдың 28 желтоқсанында қол қойған ҚР «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық орналасуының жаңа көлнекілі экономикаға қарсы тұрудың мәселелері бойынша бір-қатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №210-VI Заңымен белгіленді. Бұл заң, тиісінше, Салық кодексіне толықтырулар енгізді. Яғни, 2018



ОНЛАЙН ОҚУҒА БОЛАДЫ

Кәсіпкер боламын деп алдына мақсат қойған жан енді ғаламтор арқылы тіркеліп, курстан өте алады. Сонымен қатар, салаға қажетті жаңашыл қадамдар мен түрлі мемлекеттік бағдарламалар туралы да ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Сервистік қызмет көрсетудің мұндай үлгісін «Atameken Services» порталы көрсетіп отыр. Жаңа бастаманың тың жаңалықтарымен өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғ.Жақсылықов пен бөлім бастығы Ф.Әбжаппаров мәлім етті.

☞ Дәулет ҚЫРДАН.

– Бұл порталды ашқандағы негізгі мақсатымыз – кәсіпкерлермен тікелей байланысқа шығу. Олардың басындағы мәселелерді зерттеп, түйіндердің тарқауына жол табу. Алғашқы бес-жылдықта іскерлерге ортақ проблемаларды сараптап, шешудің жолдарын қарастырдық. Бес жылда 26 мыңнан астам азаматқа 57 мыңнан астам кеңес берілді. 9 мыңнан астам сервистік қызмет көрсеттік. Ал осы уақыт аралығында кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөнінде мыңнан астам өтініш түсіп, оның 600-ге жуығы шешімін тапты, яғни олар 4 жарым миллиард теңгеден астам қаржысын сақтап қалды. Енді осы жұмыстар портал арқылы жүзеге асады және онда барлық ақпарат қолжетімді болады. Ерекшелігі сонда, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғ.Жақсылықов.

Палатаның бөлім бастығы Ф.Әбжаппаровтың айтуынша, порталда онлайн режимде берілетін 60-тан астам қызмет түрі шоғырландырылған. Оның көмегімен кеңседен шықпай-ақ, төмен пайызды несиеге тапсырыс беру, онлайн курсқа қатысу, сертификаттарын иелену, оқу жобалары туралы ақпарат алу, кәсібіңіздегі кедергілер туралы шағымдану, бизнес жоспар құру тәрізді қызметтерді қолдана аласыз. Ол үшін бар болғаны services.atameken.kz порталына тіркелуіңіз керек.

2018-2021: JAPPAI KÁSIPIKERLIKTI QOLDAŪ JYLDARY

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТҚАН ЖОБАЛАР

Халық жағдайының жақсаруы экономиканың тұрақты дамуына байланысты. Оның ішінде Елбасының кәсіпкерліктің ауқымын кеңейтуді міндеттеп, сол арқылы аймақта өз бизнес бастамасына жақсы бағыт алып жатқандар тіптен көп. 2018-2020 жылдар кәсіпкерлікті қолдау жылы болып жариялануы да осы бағыттағы біршама шаруаның оң шешілуіне сеп болады. Аудандар мен ауыл ішінде орта және шағын кәсіп иелері өз ісінің кергесін кеңейтіп, тұрақты табыс табады. Өңір дамуын өрістеткен кәсіпкерлік жайы Жалағашта қалай?! Аудандағы іскер ағайынның бизнестегі басқан қадамына бағдар жасасақ.

☞ Ержан ҚОЖАСОВ.

Быттыр ауданда жалпы құны 690 миллионға жуық қаржыны құрайтын 8 жоба іске асып, соның аясында 84 жаңа жұмыс көзі ашылды. Атап айтсақ, «Манак Баба» фермер қожалығының оазистік суару жобасы, «Ер Әлі» шаруа қожалығының астық сақтау және техникаға қызмет көрсету орталығы, «Нұр» шаруа қожалығының күріш ақтау цехы, жеке кәсіпкерлер Н.Серікұлы мен Е.Ақышевтың сүт қабылдау және өңдеу пункті мен техникалық қызмет көрсету орталығы, Ш.Искаковтың тойхана және шағын маркет жобасы, «Таң ЛТД» ЖШС-ның күріш ақтау зауыты, «СержанГазСтрой» ЖШС-ның темір бұйымдарды және тұрмысқа қажетті заттарды дайындау цехы пайдалануға берілді.

Ал басталған жылдың бизнес саласындағы жоспары да жағымды. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбеттің айтуынша, биыл жалпы құны 643 миллион теңгені құрайтын 10 жоба іске аспақшы. Тәулігіне 60 тонна кара күрішті ақтау және жем өндіретін



«Сыздық» шаруа қожалығының цехы, «Баба» шаруа қожалығының ешкі сүтін өңдеу фермасы, 50 бас мүйізді ірі караға арналған «Жер Ана» сүт фермасы, мал сою және ет бумалау бағытындағы «АгроЛидерТаң» ЖШС-ның цехы осы бизнес-жобалардың қатарында.

Бұдан бөлек, жеке кәсіпкерлер ұсынған химиялық тазалау орталығы, күріш ақтау және жем өндіру цехы, 50 адамға арналған қоғамдық монша, көліктерге техникалық қызмет көрсету мен қонақ үй және тамақтану кешені, балықты алғашқы өңдеу цехы

биыл өз қызметін бастайды. Айтып өткен нысандар толықтай жүзеге асса, жалағаштықтарға 100-ден аса жаңа жұмыс орны дайын тұр.

Сүйіншілейтін жаңалықтың тағы бірі, Жалағаш кентінің шығыс бөлігінен жанартылған энергия көздерін өндіру мақсатында электр станциясын салу жұмыстары басталып кетті. Қуаттылығы

сараптамаға ұсынып та үлгерген. Екі бөліктен тұратын жоба негізі Жалағаш кентінен қуаттылығы 30 мВт күн сәулесі электр станциясы құрылысын салумен қатар, 30 мВт күн сәулесі электр станциясының қазіргі пайдаланудағы 220 кВ подстанциясына қосу болып табылады. Болжамдық құны 12,0 миллиард теңге қаржыны құрайтын станцияның аудан үшін маңызы ерекше. Жоба іске асқан уақытта жергілікті тұрғындардан 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылады әрі жергілікті бюджетке жылма-жыл 150 миллион көлемінде кіріс кіреді деп есептелген. Мұны ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізетін сәтті жоба деп сеніммен айтуға әбден болады.

Сонымен қатар, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2012 жылы Жалағаш кентінің батыс аймағынан 22 гектар жер бөлініп, «Серпін» индустриалды аймақ құрылғаны белгілі. Инженерлік-инфрақұрылымдық жүйелері толық жүргізіліп біткен аймақта қазір жалпы құны 91 миллион теңгені құрайтын 4 өндіріс орны жұмыс жасап, 40 адам жұмыспен қамтылған.

Қорыта айтқанда, жалағаштықтардың кәсіпті тізгіндеп, белсенділік таныту жағы бізді қуантады. Ауданда быттыр кәсіпкерлік нысан саны 2300 бірлікті құрап, оның ішінен 1914 кәсіпкер немесе 83,2 проценті бүгінгі күнге нақты жұмыс жүргізуде.

Жалағаш ауданы.



FORŪM

ДАВОС БАСҚОСУЫ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

24 қаңтарда Швейцарияның Давос қаласында дәстүрлі экономикалық форум жұмысын бастады. Форумның ерекшелігі, осы жолы әлемдік басқосуға дүние жүзіндегі ықпалды мемлекеттердің басшылары келмеді. Олардың қатарында АҚШ президенті Д.Трамп, Франция президенті Э.Макрон, Британ премьері Т.Мэй және Ресей президенті В.Путин бар. Қытай төрағасы Си Цзиньпинь форумға өзінің орынбасары Вань Цишанды жіберді.



Форумның ашылуында халықаралық валюта қорының атқарушы директоры Клаус Шваб бүгінгі тұрақсыздық жағдайында адамзат игілігі басым бағыт екенін атап көрсетті.

Сарапшылардың пікірінше, Давос форумы бұрынғы басқосуларға қарағанда қазір беделін біршама жоғалтқанға ұқсайды. Биылғы форумда әлемдік экономикада қалыптасқан күрделі жағдай

сарапқа түспекші. Олардың қатарында сауда тепе-теңдігінің бұзылуы, кедей мемлекеттердің қатарының өсуі сияқты күрделі проблемалар бар. Сонымен бірге Еуроодақ құрамындағы мемлекеттердің өзара кикілжіңі де үлкен проблемалардың бірі болып отыр. Еуропаның бірлігін сақтау Германия канцлері Ангела Меркельдің басты ұстанымы. Әлбетте, оған қарама-қарсы пікірлер де баршылық. Форумға келмесе де АҚШ президенті Давосағы мәселелерді жаһандандың жана түрі ретінде бағалайтынның жасырмады.

Форумға Украина үлкен құрамда келді. Тіпті осында Украин үйі де ашылды. Осында шетелдіктерге Украина жана қырынан таныстырылмақшы. 2018 жылы мұнда 5 мыңнан астам қонақ болып, әртүрлі сала бойынша оншақты пікір алмасу отырыстары өткен көрінеді. Сонымен бірге украиндық кәсіпкерлер өздерінің жобаларын таныстырмақшы. Олардың қатарында табысты еңбек етіп жүрген Еуропаға белгілі бизнес өкілдері бар.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, бүкіләлемдік форумда өзара келісімдер жасау басты мақсаттың бірі болса, бірқатар делегация мүшелері жой ғана сауық-сайран мақсатында келген сынайды. Өйткені мұндай басқосуларда көбіне-көп әсіресе, соңғы жылдары айқын көрініс беріп отырғандай нақты шешімдер қабылданбай отыр.

Форумда қаралатын басты мәселенің қатарында әлемді жаулап алған әлеуметтік теңсіздікті жою басты тақырып болып табылады. Әрине, бұл мәселе Давос форумының бірнеше күндік аясында шешіле қоймайтыны айқын. Форумның қорытындысын алдағы уақыттың еншісіне қалдыра тұралақ.

Ж.ӘЛМАХАН.

НЕСИЕ АЛЫП, НЕСІБЕСІ АРТТЫ

Бүгінде әлем жұртшылығы отбасылық бизнесті өркендетуге ойыса бастады. Мәселен, бірқатар Еуропа елдерінде, Жапонияда компаниялардың 70 пайыздан астамы отбасылық бизнес үлесіне тиесілі екен. Бір ғана мысал, «Samsung» корпорациясы корейлік Ли Бен Чхольдің күріш өңдеу цехынан бастау алып, үш баласы арқылы әлемге танылды. Біздің елімізде де отбасылық бизнесті дамытуға ден қойылды. Оған мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп келеді.

☞ Сара АДАЙБАЕВА.



Арал ауданы, Құмбазар елді мекенінің тұрғыны Бекзат Жұмамұрат отбасылық бизнесті дамыту үшін өткен жылы «Нұрша» наубайханасын ашты. Есік алдынан бой көтерген цехта барлық жағдай жасалған. Мұнда таң қылаң бере басталған тіршілік күн ұясына батқанға дейін жалғасалды. Себебі ыстық нан алатын тұрғындар күтіп қалмауы керек.

Кәсіпкер өткен жылдың аяғында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-дан 1,5 млн теңге несие 6 процентпен алып, жыл басынан бастап өнім жергілікті халыққа тарата бастады. Қазір цехта 10 түрлі нан өнімі пісіріледі. Оған қоса жмындарға арнайы тәттілер мен тоқаштарға тапсырыс қабылдайды. Екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпкер Құмбазардан бөлек Бекбауыл тұрғындарына да нан өнімін жеткізеді. Цехта күніне тапсырыстан бөлек 50 шақты нан піседі. Салмағы 600 грамм, ал бағасы 75 теңге.

– Кәсіп бастағанымызға көп бола қойған жоқ. Алғашқы нәтижеміз жаман емес. Тұтынушылар тарапынан тапсырыстар күн өткен сайын артып келеді. Бағасы қолжетімді. Шаруамыз дөңгеленіп жатса, кәсіпкерлік саласында білімім мен тәжірибемді шыңдап, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрсем, – дейді ол.

Жалпы, сала мамандардың айтуынша, отбасылық кәсіп үшін наубайхана ашу ең тиімді бизнес түрі саналады екен. Наубайшы биылғы жылдың аяғына дейін ісі алға басып жаста, цех көлемін үлкейтіп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтымақ. Өнім санын арттырып, жергілікті мектеп, балабақшаны да қамтамасыз етуді көздеп отыр.





Тарихымыз туралы түрлі дерек, сан алуан ақпарат пен болжам бар. «Елдің де, жердің де иесі менмін» деп нық айту үшін ұлан-ғайыр өлкенің сырын білу керек. Ал тарихты түгендеу – археолог, тарихшының еншісіндегі жауапты іс. Біз бұл сұхбатта тарих ғылымдарының кандидаты, «Археология және этнография» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі Әзілхан Тәжекеевпен Сыр өңірін тереңірек зерттеудің маңызы, Хорезм экспедициясы, Шірік-Рабаттың астана не жерлеу орны болғандығы туралы кеңінен сөз қозғайды.

Аймақтың зерттелу ісіне саяси факторлар әсер еткен

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары ұлт тарихына тікелей қатысты. Дәл қазір тарихты, Сыр өңірін тереңірек зерттеудің қандай маңызы бар?

– Сыр өңірінің тарихи-мәдени мұраларының зерттелу ісіне өткен ғасырда саяси факторлар әсер еткен. Соғыстан кейінгі жылдары Сталиннің су реформасы бойынша Арал маңына Торғай өлкесі арқылы жеткізу жобасы да бар. Міне, сол кезде Жетісар, Шірік-Рабат мәдениетінің ескерткіштері орналасқан аумақ жаңадан қазылатын магистральді канал бағыттарына сәйкес келіп, алдымен сол жолды зерттеуге ден қояды. Мұнан кейін 1970-1980 жылдары «Байқоңыр» ғарыш айлағына Жалағаш ауданы, Бекей елді мекені маңында да жерасты суын тарту жобасы басталады. Осындай саяси реформалардың арқасында өлкені зерттеу жұмысын Ресей археологтары жүргізген. Ал экспедиция мүшелерінің арасында отандық, яғни, қазақ ғалымдары мүлде болмаған.

Тағы бір мәселе, Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларында, Ұлытау сұхбатында Түркістан, Ұлытау, Алтай, Жетісу, Отырар, Ежелгі Тараз сияқты тарихи-мәдени аудандар аталады. Неліктен? Неге Сыр өңірі туралы сөз болмады? Себебі, Сыр өңірінің тарихы Қазақстан тарихынан бөлек зерттелген кездер болған. Өлкені тәуелсіздік жылдарына дейін Ресей ғалымдары зерттеді. Шын мәнінде, Сырдарияның төменгі ағысы – халықтардың тарихи-мәде-

ни өмір сүруіне қолайлы аймақ. Тұран ойпатының үлкен бір бөлігі. Бірақ, отандық ғалымдарымыз, археологияның атасы Әлкей Марғұлан, «Алтын адамды» тапқан Кемел Ақышев, қола дәуірін зерттеуші Әбдіманан Оразбаев, орта ғасыр маманы Карл Байпаков сынды көрнекті тарихшы, археологтар Орталық, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Отырар өлкесін зерттеді. Мектеп оқушыларын алып қарасақ та Сыр бойының тарихы, онда өмір сүрген ежелгі халықтар, олардың мәдениеті туралы ақпарат аз. Қазақстан тарихының 5 томдығына бірқатар мәліметтер енгізілді. Енді жарыққа шығуға дайындалып жатқан 20 томдыққа Сыр – Алаштың анасы болғандығын дәлелдейтін деректерді кенінен беру керек деп ойлаймын. Сонда мектеп оқушысы да, ғалымдар да аймақ тарихымен тереңірек таныс-пақ. «Өлке тарихын не үшін зерттеу керек?» деген сауал қойсақ, алдымыздан осындай мәселелер шығады.

– «Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулерінің тарихы» атауымен жинақ даярлауда. Алдымен мынаны білгіміз келеді, неге экспедиция Хорезм атауын иеленген?

– Хорезм өркені Әмудария бойында, Өзбекстан аумағында орналасқан. XX ғасырдың 30-жылдары Мәскеуде Ресейге бағынышты бұратана елдердің тарихын зерттеу мақсатында бірнеше экспедиция құрылған. Соның ішінде ең ірісі – Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы. Ал ұзақ жылдар бойы жетекшісі С.П.Толстов болды. Зерттеу тобының базасы мықты жасакталып, тіпті бірнеше ұшақтарды иеленген. Дрондардың өмірімізге дендеп енгені жуырда ғана, ал экспедиция 1946 жылдан бастап-ақ, Әмудария бойындағы ескерткіштер мен ландшафты әуеден мыңдаған кадрға алып, барлау жасаған. Толстов Сталинді жақсы таныған деседі, сондықтан одақ басшысы зерттеу жұмысын барынша қолдаған.

Әйтпесе, ол кезең әлеуметтік-саяси ахуалдың өзі ауыр кез еді. Толстовтың мамандығы – әскери топограф. Сондықтан Сыр бойы ежелгі калаларының картасы өте жоғары деңгейде жасалған. Әскери топограф ретінде екінші дүниежүзілік соғысқа да қатысады. Соғыстан кейін Сталиннен жұмысын жалғастыруды сұраған. Ұсынысы қолдау тауып, 1946 жылы қайтадан үлкен база жасакталады. Мақсат – Хорезмнің Орта Азиядағы ірі өркеніет ошағы болғандығын дәлелдеу. Алдымен Толстов экспедициясы Хорезм маңынан зерттеп, кейіннен Сыр бойындағы Шірік-Рабат, Жетісар, Жент, Жанкент аймағын ұшақпен барлап шығады.

Басөткі тікелей бастамасымен 2013 жылдан бастап тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Сол жылға дейін тек республикалық бюджеттен ғана қаржы бөлініп келген еді. Алғаш рет облыстық бюджеттен де қаржы қаралып, тарихи мұраларды зерттеу жұмыстары жаңа кезеңге өтті. Сыр өңірін «төрт астананың төрі» деп атап жүрміз ғой. Кеңес әуелі Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанаққа қазба жұмыстары сөзсіз жүргізілуі керек деген шешім шығарды. Арасында Аралдың кепкен табанында, Жентте де зерделеу жұмыстары жүрді. Мұнан кейін бұл қатарға жарты бөлігін

– Бір сұхбатыңызда ресейлік археологтар Жетісардың өзінен 700-ден астам оба қазған депсіз...

– Иә, Жетісардан табылған барлық жәдігерді санамақ, бірнеше ондаған мыңнан асып жығылады. Бірақ, табылған заттар өте көп болуына байланысты түбегейлі жүйеленбеген. Тіпті, кей бөліктері сол күйі сақталып тұр. Хорезм экспедициясы туралы жергілікті халық, кей ғалымдар арасында «тапқаны алтын болды, жәдігерлерді тонап кетті» деген теріс пікір қалыптасқан. Өзім Мәскеуде үш жыл аспирантура, бір жыл кандидаттық жұмыс қорғау кезінде табылған экспонаттарды көріп, түгелге жуық сақталып тұрғанына көзім жетті. Жәдігерлер қазір ірі үш мекемеде. Бірақ Хорезм экспедициясы тоқтатылып, ғалымдардың өзі болмағандықтан кейін жәдігерлерді зерттеу ісі аяқсыз қалған. Бүгінде экспедицияның зерттеулерін жалғастыратын жас мамандар да жоқтың қасы.

– Экспонаттарды елге қайтаруға болмас па екен?

– Бұл – мемлекетаралық мәселе. 1998 жылы Кеңес үкіметі кезінде табылған экспонаттардың барлығы Ресейдің мұрасы болып қалу керектігі туралы заң қабылданды. Сол жылға дейін ғана жәдігерлердің біразы елге әкелінген.

– Откен жыл соңында ғылыми-әдістемелік кеңес өтіп, археологиялық жұмыстарды саралады. Былтыр қай аумаққа зерттеу жүргізілген еді?

– Облыс әкімі Қырымбек Көшер-

баевтың тікелей бастамасымен 2013 жылдан бастап тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Сол жылға дейін тек республикалық бюджеттен ғана қаржы бөлініп келген еді. Алғаш рет облыстық бюджеттен де қаржы қаралып, тарихи мұраларды зерттеу жұмыстары жаңа кезеңге өтті. Сыр өңірін «төрт астананың төрі» деп атап жүрміз ғой. Кеңес әуелі Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанаққа қазба жұмыстары сөзсіз жүргізілуі керек деген шешім шығарды. Арасында Аралдың кепкен табанында, Жентте де зерделеу жұмыстары жүрді. Мұнан кейін бұл қатарға жарты бөлігін

дейін сақтардың астанасы деуші едік. Соңғы жылдары халық қоныстанбаған, тек жерлеу орны болған деген хабар таралды. Қайсысы дұрыс өзі? – Шатасатындай жөніміз бар. Себебі, б.з.д. II ғасырда Жанадарияда су тартылып, Шірік-Рабат халқы екіге бөлініп, көшіп кетті. Тек арада мың жарым жыл өткеннен кейін Жанадарияда қайтадан су ағады. Бұл су Алтын Орда дәуіріне дейін тартылған жоқ. Сол кезеңде оғыз тайпаларының бір бөлігі осы ауданды қоныстанып, сақтар оба ретінде пайдаланған Шірік-Рабат қамалына, үлкен пантеонның бір бөлігіне қайтадан қамал тұрғызып, өмір сүреді.

Сырдарияның суы шайып, апатты жағдайда тұрған Сортобе қалашығын да қостық. Жалпы, қазір Қышқаланы қоса санағанда 5 ескерткіште тұрақты қазба жұмыстары жүргізілуде. Былтыр жыл соңында, осы аумақтардың зерттелу барысы туралы есеп бердік. Бүгінде Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымдары Жанкент пен Сортобені тарихына тереңдесе, Шірік-Рабатты қазу жұмысын Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтымен бірлесіп жүргіземіз. Ал Түркістан ғалымдары Сығанақта еңбек етеді.

Бұл калаларды тұтастай алып қарасақ, бір-бірімен ұштасып жатқаны байқаймыз. Шірік-Рабат – ең алғашқы қалалық мәдениеттің қалыптасқан кезеңі. Біздің заманымызға дейінгі IV-II ғасырларды мерзімдейді. Зерттеу барысында ең алғашқы калалардың қандай болғандығы, кімдер өмір сүріп, жерлеу салты қандай болғаны анықтаймыз. Айталық, Жанкент – оғыздардың астанасы. Сортобе де оғыздар заманында «өмір сүрген». Оны кейде «Орда» деп те атайды. Жуырда ғана тіл мамандары Ордазының – «кіші орда» деген мағынаны білдіретінін айтты. Демек, Жанкент – оғыздардың үлкен ордасы болса, Сортобе – кіші ордасы. Бұл – Қорқыт ата мазарына ең жақын орналасқан оғыз қаласы. Сонда бұл – Қорқыт заманындағы адамдар қалай өмір сүріп, қандай салт-дәстүр ұстанғанына талдау жасай аламыз деген сөз. Шірік-Рабат ең алғашқы қалалық мәдениеттің қандай болғанын көрсетсе, Жанкент пен Сортобе, Сығанақ Сыр бойындағы калалардың гүлдену кезеңін бейнелейді. Ал, Жетісардан шаһарлардың қалыптасуы, даму тарихын байқаймыз. Қазақстанның басқа аймақтарындағы Түркістан, Отырар, Шымкент оазисінде калалар мұнан бертің келе пайда болған. Олардың көне деректерінде Шірік-Рабат халқының сол аудандарда қала салуды қалыптастырғаны айтылады.

– Шірік-Рабатты осы кезге

– Шатасатындай жөніміз бар. Себебі, б.з.д. II ғасырда Жанадарияда су тартылып, Шірік-Рабат халқы екіге бөлініп, көшіп кетті. Тек арада мың жарым жыл өткеннен кейін Жанадарияда қайтадан су ағады. Бұл су Алтын Орда дәуіріне дейін тартылған жоқ. Сол кезеңде оғыз тайпаларының бір бөлігі осы ауданды қоныстанып, сақтар оба ретінде пайдаланған Шірік-Рабат қамалына, үлкен пантеонның бір бөлігіне қайтадан қамал тұрғызып, өмір сүреді.

Толстов та, онан кейінгі археологтар да жердің беткі бөлігіндегі қаланың бейнесіне қарап, оны қалашық деп атап кеткен. 2004 жылы археолог Ж.Құрманқұловтың жетекшілігімен қазба жұмысы қайта жанданып, бұл жерден жерлеу орындарын таптық. Біз де қазба жұмысы кезінде орта ғасырда пайдаланылған ошақтарды кезіктірік. Қаланың цитаделі, яғни, әкімшілік бөлігі де болған. Онан әрі тереңірек қазу барысында Шірік-Рабаттың алғашқы кезеңіне өттік. Демек, қала екі кезеңде өмір сүрген. Алғашында Арал маңы сақтарының рухани, діни орталығы болса, орта ғасыр кезеңінде оғыздардың қалашығы болған. Қазір Шірік-Рабат қала ма, әлде мола ма деген сөздердің шығуы осы деректерге байланысты. Шірік-Рабаттан 40 шақырым жерде Бәбіп-мола деген қаланың орны бар. Басқа астаналармен салыстыра келе, астаналық қала осы болуы мүмкін деген болжам жасадық. Екеуінің арасын ауылдар жалғастырып жатыр, тіпті екеуі де астана қызметін атқаруы мүмкін. Қазір Түркістанды еліміздің рухани астанасы деп атаймыз ғой. Дәл сол секілді Шірік-Рабат сақтардың рухани астанасы болған деген болжам бар. Себебі, сақтар заманында Шірік-Рабатта абыздар мен бақсылар салт-дәстүр жүргізетін орындар болды. Тіпті бейіттер орналасқан бұл маңды қамалмен қоршап, қарулы әскер күзеткен. Антикалық авторлардың «Сақтармен ашық шайқасқа шыққын келсе, ата-бабасының моласын қират» деген сөз дәл осы кезеңде айтылса керек.

– Киселі жерлерді зерттеу кезіндегі жағдайларға байланысты, ел арасында аңыз көп. «Әуліелі жер», «киесі бар» деп жатады. Мұндай оқиғалар жұмыс кезінде жиі болып тұра ма?

– Археологтардың өзі тарихи қала орнына және жерлеу орындарына зерттеу жасайтын болып екіге бөлінеді. Жерлеу орнына қазба жұмысын жүргізетіндер

қуаты мен берекесінің тізгінін ұстаған алтын дінге Кәбира Қалиқызының туған күні. Әженің қалтасындағы ұялы телефонға да тамыл жоқ. Түркиядан Мөлдір, Астанадан бауырлары Мұхамеджан, Мұлкаман, Шынарлар тілек жаудырып жатыр. Даладан тағы бір дауыс естілді. Кенже ұлы Асылхан мен келіні Жаннат есік қағып тұр. Қолдарында бір құшақ гүл. Кішкене немерелері Роза, Ажарай, Әмірхандар құттықтау өлеңмен тақпақтау жөнелді. Шолпан, Айман, Әнуза, Абзал, Әзиза, Абдулалардың сый-сияпаттары мол көрінді. Ағайын-туыстар арасында отырған Кәбира Қалиқызының қуанышында шек жоқ. Сексеннің асуына қарай жол тартқан бағыр ана тағдырдың бұл сыйына шүкіршілігінен жаңылмайды.

– Әңгімеңізге рахмет!

ислам шариғаты бойынша жерленген адамдардың бейітін қазбайды. Себебі, мұсылмандардың жерлеу дәстүрі ғасырлар бойы өзгермеген. Олар адаммен бірге алтын не тұрмыстық бұйымдарды, жылқыны көмбейді. Ал тұрмыстық заттар болмаса, тарихты сөйлету қиын. Сол заманда қолданылған дүниелер көп нәрседен хабар береді. Ал мұсылмандар бейітін мұндай заттарды табу мүмкін емес, сондықтан зерттеу жұмысын жүргізбейміз. Ал киелі жерлерде орын алатын тосын жағдайлар бұған дейін басымыздан өтпейті.

– Елбасы «аң стилі» - ата-бабаларымыздың көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі деген болатын. Бұл озық мәдениет Сыр бойындағы ескерткіштерде кездесе ме?

– Иә, ерте темір дәуірінде Шығыс Арал өңірі мен Отүстік Қазақстанның оған шектес аудандарына массагет сақтардың құрамына кіретін этникалық топтар мекендеген. Сырдария бойындағы Ұйғарак пен Түгіскен қыраттарында орналасқан обалы қорымдар сол кездегі мәдениеттен хабар береді. Мұндағы жерлеу мүліктерінің ішінде бейнелеу өнерінің ерекше үлгілері бар. Ер-тұрман, алтын қаптырма, алтын шеттіктерде бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс, жыртқыш құс, түйе бейнеленген. Бұл заттардың жасалу әдістері мен стилі Арал маңы сақтарының мәдениеті скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енетінін дәлелдейді.

– Антрополог ғалым Оразак Смағұл «қазақтың тарихы бір тал шашында, бір тамшы қанында жазулы тұр» деген еді. Аймақта адам сүйегіне генетикалық талдау жасайтын аппараттар бар ма? Жалпы, антрополог ғалымдар жеткілікті ме?

– Өкінішке орай, антропологиялық зерттеулерге шетелдік ғалымдарды тартумен келеміз. Антропология, оның ішінде адам сүйектерін зерттейтін саласы елімізде әлі дамымаған. Қазір еліміздегі жоғары оқу орындарында антрополог мамандар даярланбайды.

– Бір замандары сәулеті асқан шаһарлардың орнына қазір барып «мына жерде мешіт, ана жерде базар болған» деп түсіндіргенмен, қарапайым адамның көз алдына елестетуі қиын. Қаланың бір бөлігі қайта тұрғызылса, өмір турімі жанданар еді деген де ұсыныс айтылып жүр...

– Соңғы жылдары Сығанақ қалашығына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ғалымдар бірнеше нысанның орнын тапты. Өткен жылы Сығанақтың кіреберіс қақпасы жартылай бой көтерді. Ал Жанкент қалашығында тұрғын үй қабырғасы сол замандағыдай қайта тұрғызылып, қыш құмыралар мен бірнеше жәдігерлер бөлме ішіне қойылған. Мамыр айынан бастап қалпына келтіру жұмыстары қайта жалғасатын болады. Бірақ, туристерді тарту мақсатында қамал мен тұрғынжайларды түгелдей қайта тұрғыза алмаймыз. Себебі, бұл археологиялық қазба жұмысына айтарлықтай келерді келтіреді. Айталық, ежелгі Троя қаласын зерттеу жүздеген жылдар бойына жалғасып келе жатыр. Сондықтан, көне қалашықтар мен жерлеу орындарында толық көріністі ашып, материалдық мәдениеттің анықтау үшін ондаған, тіпті жүздеген жылдар керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

MEREI

Кәбираның балалық дәуірі, қызғалдақ кыз кезі қала іргесіндегі Бесарық ауылында өтті. Ата-анасынан жастай айырылды. Әкесі Қали, анасы Ажар көп қызықты көрмей пәни дүниеге аттанған еді. Шаңырақта Зағира, Есенәлі, Кәбира үшеуі жетімдіктің дәмін татқан өмір өтіп жатты. Қиындық көп болды. Бірақ, бәріне сүйеу болған Кәбира төзімділік танытты, ерте есейді.

Әскери борышын өтеп келген Әбдіхалықтың Садығы бойжеткен Кәбираға жиі көз қырып салып жүрді. Ауылдағы су жаңа «ГАЗ-51» машинасын жүйткітіп жүрген жас жігіт елге сыйлық еді. Қали атаның сүйікті қызы кімнің болса да жүрегін арбаған сұлудың бірі болатын. Жігіт шырмауына іліккен жас қыз ақыры Садық ағамен отау құруға келісті. Зағипа әже жалғыз ұлының той-думанын дүркіретіп өткізді. Жиырма бір жа-



сында жесір қалып, майданнан оралмаған жары Әбдіхалықтың жиырма жыл күткеннен кейінгі той еді, бұл. Әбдіхалықтың шаңырағы күннен-күнге биіктей түсті. Кәбира келіннің қазаны оттан түспеді, берекенің бірлігі

жарасым тапты. Бесарықта жеміс-жәдіге жайқалған үй Әбдіхалықтың Садығының шаңырағы еді.

Қадірмен ене, майдангердің жары Зағипа әже кенет сырқатқа шалдықты. Аяқ-қолы семіп қалды. Көп ұзамай Кәбираның сүйікті жары Садық аға айта беретін емі жоқ сырқатқа кезікті.

АНА БАҚЫТЫ

Кәбира екі бірдей сырқатты ұзақ жыл бағып-күтуге шыдамдылық танытты, сыр бермеді. Түн ұйқысын төрт бөліп, сырқаттарды күтті, емші-дәрігердің есігін қағып тоздырғаны ұзақ өңгіме. Сонымен, бұл күндері Зағипа әже мен Садық ағаның арамыздан кеткеніне жиырма жылға жуықтады. «Ат тұяғын тай басар» демекші, қазір Әбдіхалықовтар әулеті үлкен

бір орманға айналды. Шаңырақтың шыбығы көктелді, түледі.

Бір сөт Кәбира Қалиқызы өңгіме орбтты:

– Мен бір адамдай өмірдің ашысы мен тұшысын көп таттым. Екі рет операцияға түстім. Бірі – Түркияда, екіншісі Алматыда жасалды. Герма-

нияға да барып, дәрігерлердің емін алғаным және бар. Ең қиын операция – Анкарадағы үлкен ауруханада тілімнің астына шыққан жараны сылып тастау болды. Анкарадағы немерем Мөлдірдің жары дәрігер Ильхан күйеу балам еді. Екеуі шарқ ұрып, ажалдан алып қалуға күш салды. Сауығып шықтым. Бәріне шүкір. Қазір қуаттымын, сексеннің биігінде тұрмын.

Қайыр ҚОРАСАНИ.

KEÑES ÁSKERLERININ AÝĠANSTANNAN SHYĠARYLGANYNA – 30 JYL

БОРЫШ ПЕН СЕНИМ

Жыл сайын 15 ақпан күні Ауған соғысына қатысушылар ауыр да азыпты жылдарды еске алады. Олардың әрқайсысының жүрегінде «интернационалдық борыштымызды өтедік» деген сенім бар.

© Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің филология, тарих және құқық факультетінің деканы, «Мұстафа Шоқай» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Ауған соғысының ардагері Сағат Тайманмен әңгімеміз борыш пен сенім туралы сабақталды.

– Ауған соғысына қатысушылар – өз заманының батырлары. Баспасөз беттерінде біз туралы пайымсыз, мәнісіз пікір айтып жүргендердің әңгімелеріне құлақ түруге болмайды. Себебі, мектепті жаңа бітірген өрімдей жас жігіттер кеңестік идеологиямен сусындап өскен, интернационализм идеяларын бойына сіңірген еді. Жастайынан октябрат, пионер, комсомол қатарында болды. Бізден Ауған жеріндегі соғысқа баратын-бармайтынмызды сұраған жоқ. Тек бұлтартпас бұйрық берілді. Ең бастысы, жауынгерлер Отан алдындағы борышын адал атқарды. Болашағына сенді, солақай саяси ойынның құрбаны болғандары

туралы ойларына кіріп те шықпады, – дейді ол.

Тартоғайдағы орта мектепті бітірген жас жігіт Қызылорда қаласындағы «СПМК-70» мекемесінде жұмысшы-слесарь болып еңбек етіп жүрген жерінен 1986 жылы 12 сәуірде әскер қатарына шақырылды. Ауған соғысының тарихына зер салсақ, бұл жылы Ауғанстандағы ішкі саяси жағдай шиеленісе түскен. Бадахшан, Қандағар, Құндыз сияқты елді мекендерде соғыс қимылдары жүріп жатты.

Сағат Тайман алдымен Грозный қаласында мотоатқыштар санатында 3 айлық әскери дайындықтан өтті. Содан кейін 1986 жылдың 6 тамызынан 1988 жылдың 18 мамырына дейін Баграм елді мекенінде орналасқан № 91860 әскери бөлімінде автокөлік жүргізуші болып, бірнеше әскери операцияларға қатысты. Баграм осы соғыс кезінде Кеңес Одағы әскери әуе күштерінің базасы әрі ірі әуежай болған.



– Бар болғаны 18 жастағы жігіттер қолдарына қару ұстап, отқа түсті. Бүгінде бұл жастағылар Ауған соғысына қатысқандардың басынан өткенін көрген жоқ, көрмей-ақ қойсын. Мындаған бауырларымыз жат елде жан тапсырды, ұрыс даласынан жаракатпен оралды. Оқ пен оттың ортасынан аман-есен оралғандар үшін Ауғанстан мәңгілік жан жарасына айналды, – деді ол.

Әскерден оралған соң, С.Тайман сол кездегі Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына та-

рих мамандығына оқуға түсті. «Отан тарихы» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы бар. Жас ұрпақты отансүйгіштік пен ерлікке тәрбиелеуге еңбек сіңіріп келеді. Борышын өтегені үшін «Воину интернационалисту от благодарного афганского народа», «СССР Карулы Күштеріне 70 жыл», «Воин-интернационалист», «Ветеран боевых действий», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шыққанына 10 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шыққанына 20 жыл» медальдарымен марапатталған. Бейбіт күнде жоғары мектептегі оқу-тәрбие жұмысына қатысқан еңбегі де бағалаусыз қалған емес.

Әскерден оралғаны бері 30 жылдан асып кетті. Жыл сайын күзде Сағат ұстаздың алдына мектепті жаңа аяқтаған жігіттер мен қыздар келеді. Өйткені, бұл – өмір заңдылығы, ұрпақ алмасады, тірлік жалғасады. Жастарға дәріс оқып тұрып, «бейбіт елдің, ата-ананың қамқорлығын көріп өскен көгенкөздер, отбасындағы өзі тәрбиеленген ұл-қыздары соғыстың не екенін білмесе екен» деп тілейді. Ләйім де солай болғай!

Ел тарихындағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысы – Алаш қозғалысы деп аталды.

Деректерге сүйенсек, осы кезеңде қазақ даласында патшалық Ресейдің пәрмені күшейе түскені байқалады. Мәселен, Ресейден көшіп келіп, қазақ жеріне қоныстанушылардың күрт арта түсуі де отаршыл биліктің түпкі мақсатын танытқандай еді. Себебі, нақ осы тұста қазақтардың негізгі күнкөрісі – төрт түлгі тең жайылған құнарлы жерлерден ығыстырылуы белең алды. Бір сөзбен айтқанда, тұрғылықты халықтың өрісі тарылды.

© Ғазиза ӘБЛДА.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСҚАН

Ең даланы еркін жайлап, ата қонысында алаңсыз күн кешіп жатқан халықтың ендігі жерде өзін-өзі сақтап қалуы және ел ұлт ретінде аса маңызды моральдық құқықтары мен материалдық құндылықтарын қорғау үшін саяси тұрғыда қүресу мәселесі туындады. Бұл орайда ұлт мүддесі үшін ұйыса білген қазақ зиялыларының бастамасы өз деңгейінде нәтижесін берді.

Тарихи деректерге зер салсақ, Бірінші жалпықазақ съезі 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан 20-дан астам адам қатысқан. Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен өткен осы съезде сол кезеңдегі елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысты 14 мәселе қаралды. Олардың қатарында: мемлекеттік құрылысы, Қазақ автономиясы, жер мәселесі, халық милициясы, оқу, сот, дін мәселелері бар. Сондай-ақ, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы кенесі, Қазақ саяси партиясын құру төңірегіндегі мәселелер қаралып, нақты тұжырымдар айқындалды.

Осынау тарихи оқиғаның бел ортасында жүріп, ұлттық мүддені көздеген маңызды міндеттерді жүзеге асыруда алдынгы саптан табылған жерлесіміз Серқұл Алдабергенов жайлы жалпы көпшіліктің біле бермейтіні рас. Елбасының тапсырмасымен дәл қазіргі таңда іске асырылып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туған өлкеміздің тарихын танып, сол тарихтың түзілуіне себепкер болған тұлғалар жайын теренірек білуді міндеттейді.

«Арыс» баспасынан Ғ.Әнес, С.Смағұлованың құрастыруымен 2009 жылы шыққан «Алаш. Алашорда» энциклопедиясында С.Алдабергеновтің өмірбаянының

толық нұсқасы жазылған.

Алаш қозғалысының қайраткері Алдабергенов Серқұл 1883 жылы Қызылорда облысы Жанакорған ауданының Төменарық ауылдық округінде дүниеге келген. Жөлекті орыс-бұратана мектебінде, одан әрі 1893 жылы Ташкенттегі ер балаларға арналған сегізжылдық гимназияда білім алды. Мұнда оқи жүріп, «Суды пайдалану және жерді игеру» мамандығын игеріп шыққан ол туған жері Төменарыққа келіп, ел ісіне араласды. 1904-1912 жылдары Перовскіде уезд бастығының орынбасары, 1912 жылы Төменарық облысының басқарушысы болып сайланып, сол елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге белсене үлес қосады. Ташкентте М.Шоқай арқылы «Кеңес» үйірмесінің жұмысына қатысып, С.Өтегенов, Қ.Қожықов, С.Ақаяв, А.Оразбаев, С.Кожанов, т.б. ұлт зиялыларымен бірге саяси жұмыстарға араласды.

С.Алдабергенов 1917 жылдың 21-26 шілдесі күндері Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ съезіне Сырдария облысының атынан қатысқан болса, осы жылы 8-11 қазанда Түркістанда өткен Сырдария облысы мұсылмандар съезінде Құрылтай жиналысына баратын өкіл ретінде сайланған. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен Екінші Жалпықазақ съезіне Сырдария облысынан қатысқан. Одан кейін, 1918 жылы 5-9 қаңтарда Ташкентте өткен Сырдария облысы қазақтарының съезіне қатысып, территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын көтерушілер арасында болды.

Кеңес Үкіметі орнағаннан кейін Перовск уездік атқару комитетіне мүше болып, жер бөлімін басқарады. 1930 жылдың басында ұлт зиялыларын террорлық жолмен қуғын-сүргінге ұшыратқан кезде Ташкент ерлер гимназиясында бірге оқыған Перовск уездік милиция бастығы Ж.Есеновтің көмегімен ату жа-

засынан аман қалып, ағайын-туыстарымен Қызылқумға, одан әрі Өзбекстанға көшіп кеткен. Ал 1935 жылы 25 наурызда ЧЧХК-нің айрықша кенесінің шешімімен Красноярск өлкесіне 5 жылға жер аударылған. Одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Жоғарыда айтылған деректерді тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі Тұрсынның «Алаш қозғалысының қайраткері» мақаласы толықтыра түседі. Онда былай дейді: «Тарихи әдебиеттерде Алаш партиясына мүше немесе оған тілектестікте болған 500-ден астам жеке тұлғалардың есімі белгілі. Бұл сан алдағы уақытта одан да ұлғайы әбден мүмкін. Осы аталған әрбір тұлғаның өмірбаяны қалпына келтірілсе, Отан тарихының мазмұны бұрынғыдан да толығырақ түсер еді. Әзірге Алаш қайраткерлерінің басым бөлігінің тарихи өмірбаяны қалпына келтіріле қойған жоқ. Тарихшылардың назары ауа қоймаған сондай алашшыл тұлғалардың бірі – жерлесіміз Серқұл Алдабергенов. Түркістан уезінде туып-өсіп, Түркістан өлкесіндегі Алаш қозғалысына белсене араласқан Серқұлдың өмірі мен қызметінің онегесін тірлту бүгінгі күнгі рухани жаңғыруға қызмет етеді.

Архив қорларынан қолға іліккен тапшы деректердің бірі Серқұлдың Алаш қозғалысының белсенді өкілі болғандығын айтақтайды. Оның қоғамдық-саяси қызметін ғылыми тұрғыда қалпына келтіруге септігі тиетін тарихи құжаттар Өзбекстан Республикасының архивтерінде және Қауіпсіздік комитетінің архивтерінде сақтаулы.

Иә, ұлт тарихынан ойып тұрып орын алатын Алаш қозғалысы көтерген ұлттық мүдде, елдік ұстаным мәселелері қай уақыт тұрғысынан қарасаңыз да мемлекет үшін маңызды болып қала бермек.

Коммуналдық қызметтер тарифтерінің төмендеуі бойынша

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап коммуналдық мекемелердің инвестициялық бағдарламаларының көлемінің азаюына, оған қоса, «Қызылорда жылу-электрорталығы» энергия өндіруші кәсіпорны үшін газ бағасының 12%-ға (21182,54-тен 18606,79 тенгеге дейін) төмендеуіне байланысты

- жылу энергиясының орташа тарифі 4,2% (1Гкал-ға 5762,32-ден 5522,69 тенгеге дейін), соның ішінде тұрғындар үшін 12% (3221,39-дан 2834,82 тенгеге дейін), атап айтқанда, есептегіш құралдары бар тұрғындар үшін 1м² 60,85-тен 58,0 тенгеге дейін, есептегіш құралдары жоқ тұрғындар үшін 109,99-дан 97,97 тенгеге дейін;

- газбен жабдықтау қызметі тұрғындарға газдың бағасы

1,3%-ға (1000м³-ке 21182,54-тен 20902,93-ке дейін);

- электр энергиясымен жабдықтау қызметі үшін 4,4%-ға (1кВт/сағ-қа 17,6-дан 16,91 тенгеге дейін);

- сумен жабдықтау қызметі үшін 22,6%-ға (1м³-ке 77,42-ден 59,88 тенгеге дейін);

- су бұру қызметі үшін 11,4%-ға (1м³-ке 100,46-дан 89,05 тенгеге дейін) төмендетілді.

Сонымен бірге, 2018 жылдың 15 желтоқсанынан бастап пәтер иелері кооперативтерінің қызметі 5%-ға (24,55-23,25 тенгеге дейін), қосымша шығару қызметінің тарифтері облыс аудандары бойынша 10,5%-ға дейін төмендеді. Қызылорда қаласы бойынша 5%-ға төмендету күтілуі, осы мәселе алдағы мәсінхаттың отырысында қаралатын болады.

2019 жылғы I тоқсандағы «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының және оның орынбасарларының азаматтарды қабылдау кестесі

Сенім телефондары: 8 (7242) 60-54-25, 60-54-23
Электронды пошта: ufin@korda.gov.kz

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефондары
1	Жалғасбаев Ертілеу Шынтаусұлы	Басқарма басшысы – Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сәрсенбі, қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47, каб. 301	8 (7242) 26-34-76
2	Шалбаева Тұмар Балтабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары – мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47, каб. 301	8 (7242) 27-22-85

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 нөмерлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын 2008 жылдың 14 қыркүйегінде қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Қажымқан көшесі №22 үйде тұрған азамат Бошайбеков Жумабай Бошайбековичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, байланыс тел.: 8(7242) 25 55 23.

Тарих парағына «Арықбалық шайқасы» деген атпен енген, Ресей патшасы билеушілерінің шектен шыққан озбырлығына қарсы Жанқожа батыр бастаған аса ірі көтеріліске биыл 162 жыл толды.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕРЛІК



Сол шайқаста қыршын кеткен боздақтардың есімін, елім деп жауға шапқан Жанқожа бабамыз бастаған батырлардың ерлігін туған елі мәңгі ұмытпақ емес. Өскен мекені, киелі даласы, қасиетті Арықбалықтың қадір-құнын ұрпақ зердесіне сіңіру – ортақ парыз.

Жуырда батыр есімін иеленген ауылда өткен дәстүрлі аймақтық Әскери-қолданбалы спорт (әскери эстафета және 10 метрден тіреусіз пневматикалық мылтық ату) сайысы осы «Арықбалық» шайқасына арналып, ерлер есімі ел есінде екенін дәлелдеді. Қашанда жағымды жаңалықтың жаршысындай көрінетін танымал спортшы, білікті педагог Алик Тілеуімбетов басшылық жасайтын №94 орта мектеп ұжымы бұл жолы да ширекті танытты. Қазалы аудандық білім бөлімі мен

«Отан» қоғамдық бірлестігі демеушілік жасаған осынау байрақты бәсекеге 8 команда қатысты. Жарыс болған соң, жеңімпаздардың анықталуы қалыптасқан жайт. Сайыс қорытындысымен Жанқожа батыр ауылы жастары командасы эстафеталық жарыста топ жарып, бас жүлдені иеленді. Ал жарысты ұйымдастырушы №94 орта мектеп командасы (жарысқа дайындалған алғашқы әскери даярлық пәні мұғалімі Алматы Аралбаев) да өзгелерден дара шығып, сайыстың пневматикалық мылтық ату түрінен жеңімпаз атанды. Қалған жүлделі орындарды басқа командалар мен жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.
Жанқожа батыр ауылы.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басқарма басшыларының жеке және заңды тұлғаларының өкілдерін қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні және уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны (алдын ала жазылу, анықтамалық болме №1005)	Сенім телефоны
Намаев Бақытжан Биалұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның дүйсенбі күні 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 №1005 болме	8 (7242) 7043-78, 8 (7242) 70-54-87	8 (7242) 7043-78, 8 (7242) 70-54-87
Досжанов Азамат Максұтұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні 15.00-ден 17.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 №1007 болме	8 (7242) 40-10-55	
Болатбеков Динмұхамед Сағатбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 15.00-ден 17.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 №1006 болме	8 (7242) 40-10-61	

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әлеп кодексі талаптарының бузылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 70-03-78, 70-54-87 «Сенім телефонына» жүгінуге болатындығын хабарлайды.
Электронды пошта: oblkasipkerlik@korda.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы прокурорының жыл сайын бекітетін азаматтарды жеке қабылдау жүргізу туралы кестесіне сәйкес, Қызылорда қалалық прокуратурасының ғимаратында 31.01.2019 жылы сағат 15:00-ден 16:00-ге дейін облыс прокурорының орынбасары Т.А.Әлібаевпен Қызылорда қаласы тұрғындарына жеке қабылдау жүргізу жоспарланды. Жеке қабылдау Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі №62 үй мекен-жайы бойынша Қызылорда қалалық прокуратурасының ғимаратында болады.

Ескерту: Жеке қабылдауға алдын ала жазылу үшін қалалық прокуратураның байланыс 24-78-69, 24-81-79 телефондары арқылы жазылуға болады. Алдын ала жазылу 30.01.2019 жылы сағат 17:00-ге дейін жүргізілетін назарларыңызға саламыз.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Шляпкина Любовь Сергеевнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Мечта» с.к., 3 үйге (д.к. Мечта, СТ Саяжайлар, уч. б/н) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10:156:032:1022, №0153091 02.11.2007 ж.) және техпаспортының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, химия ғылымдарының кандидаты, профессор Аппазов Нұрбол Орынбасарұлына әкесі

Орынбасар Аппазовтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы «Аграрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы Нұрғалиев Нұрәлі Шайқисұлтанұлына анасы

Наурызқұл Абдрахманқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

KÖRME

Ұлы дала елінің тұғырлы тарихы

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Ұлы дала елінің тұғырлы тарихы» атты көрме өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов өткенімізді жаңғыртуды көздеген шараның маңызы жайлы тарата айтты.

Сара АДАЙБАЕВА.



Суреттер: түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

— Біз — ықылым заманнан «Ат — ер қанаты» екенін біліп, ерекше қадірлеген елміз. Жаукершілік кезеңде ат үстіне қонған батырларымыз Алтай мен Атырау, Арқа мен Сырдың арасын қорғап, ұлан-ғайыр жерді аманат етіп кетті. Қазақ бала алғаш отырғаннан бастап, тоқымқағар тойын жасаған. Біздің халқымызда бір ғана аттың өзіне қатысты 500-ге жуық мақал-мәтел, қанатты сөз, тұрақты тіркестер бар. Мұның бәрі де біздің ата-бабаларымыз ат үстінде жүріп, жинаған тәжірибесінің жемісі. Кешегі тарихи батырлар жырларында олардың аттарын ерекше суреттеген.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында

алғашқы атты қолға үйрету, міну мәдениеті жайлы қамтылған. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, келешек ұрпаққа құнды дүниелерді жеткізе білуіміз керек. Біз тәуелсіздік кезеңде ұлттық салт-дәстүрімізді, әдеп-ғұрпымызды қайта өрістетіп жатқан елміз. Осы тұста Елбасымыз алдымызға үлкен сындылар міндет қойды.

Біз өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен, Ұлттық ат спорты федерациясымен бірлесіп отырып, арнайы федерацияның жанынан мектеп аштық. Ат спортының дамуына үлес қосатын мектепті ат әбзелдерімен, түрлі құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етіп жатырмыз, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Мұнан кейін жиында сөз алған қазақ халқының салт-дәстүрін кейінгі жастарға дәріптеп жүрген жеке коллекционер, қала тұрғыны Қожабек Жаппасбай жиналғандарға атқа міну мәдениеті жайында кеңінен әңгімелеп берді. Қожабек Бөлекбайұлы қазір 72 жаста. Он жасынан бастап, бөйгеге шапқан. Ауыл шаруашылығы саласында қырық жыл еңбек еткен. Бүгінде зейнет жасындағы қария балалары мен немерелеріне салт-дәстүрді насихаттап, атқа міну мен оның пайдасы жайында айтып келеді.

Көрмеге жиналғандар Ботай тұрағынан табылған алғашқы қолға үйретілген жылқыдан бастап, «Пазырық» қорғанынан

табылған кілемде бейнеленген арғымақ, Берелде жерленген ат, Еуразия белдеуіндегі көне түркілердің тұлпарлары туралы, Ғұн және сақтың атты жауынгерлері суреттелген туындыларды тамашалады. Жалпы, көрме екі кезеңнен тұрды. Ежелден ат баптаған қазақтар жаһандық мәдениетті дамытуға үлес қосқаны жайлы баяндалатын фотосуреттер, облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ат әбзелдері, киім үлгілері, этнографиялық бұйымдар, тұрмыстық заттар, ер қаруы — бес қару, атқа міну мәдениетіне қатысты суреттер көрмеден орын алды.

Шараға қатысқан өреннің бірі — М.Дүйсенов атындағы

№15 мектеп-лицейінің 8 «Ә» сынып оқушысы Ернұр Әжікен. Ол көрмені тамашалау кезінде өзіне қажетті көптеген құнды мағлұмат алғанын жеткізді. Ең алғашқы қолға үйретілген жылқының суретінен бастап, бүгінгі жылқыға дейінгі аралыққа саяхат жасап қайтқанын айтты. Музей қорында сақталған ат әбзелдерінің ерекше үлгіде жасалғанын көріп, таңданысын жасырмады.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен өткен көрмеге зиялы қауым өкілдері, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, мектеп оқушылары мен жергілікті қылқалам шеберлері, қала тұрғындары қатысты.

ӨMIRDІŇ ÖZINEN

Осыдан екі-үш жыл бұрын жол түсіп бұрынғы Темір кеңшарына, бүгінгі Шәмші Қалдаяқов ауылына бардым. Ұлы сазгердің ауылы болған соң оны-мұныны сұрастырып жатырмын. Шәмшінің балалық шағы, музыка әлеміне әуестігі туралы көрген-білгеннің аузынан түрлі пікірлерге қанықтық. Өз кезегінде Асылхан Байжанов деген азаматтың ойы мені еріксіз баурап алды.

Қалдаяқтың дүкені

— Шәді төренің ұстаханасы болған жерде Қалдаяқ ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандарды жасап, шеберлігімен ауылдастарының сый-құрметіне бөленген жан еді. Қасиетті кісі болды. Ал, әйелі Сақыпжамал да елге сыйлы болған. Ол жарық дүниеге әкелген сәбиіне азан шақырып, есімін Жәмшид қояды. Бала анасының әлдіні тыңдамаса ұйықтамаған екен. Анасы Естайдың «Қорланын» ыңылдап айтып отырып тербеткеннен бе, Шәмшінің өмір бойы сүйіп айтатын әні «Қорлан» болыпты. Шәмші мектеп жасында әкесінің домбырасын ұстап, сырнайын тартып жүрді. Ауылға келген сыған жігітінен мандолина сатып алды. Осылай өнерге жақын болып есейген, — деді ол.

Одан кейінгі өмірі белгілі, алдымен Қапалабектегі зооветтехникумды бітірсе, ке-

йін Ташкент қаласындағы Хамза Ниязи атындағы музыка училищесінде, сосын Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында В.В.Великанов класында оқыды.

Бұл жердегі әңгіме Шәмші жөнінде емес, оның әкесі Қалдаяқ жайлы болмақ. Асылханның айтуынша, ұстанын қолданған ескі дүниенің әлі сақталған екен. Түнделетіп дүкеннің қасынан жүрексініп, қорқасоқтап өтетін көрінеді. Себебі, үнемі балғаның соққысы естіліп тұрады. Соған қарап, дүкен ұстаған Қалдаяқ та тегін адам болмағаны ғой деймін. Тектіден текті шығады дейтін еді, Шәмшінің де шығармашыл қадамы әкесінен дарыған сияқты. Өйткені оның да домбыра шертіп, сырнай ойнайтын қабілеті болған.

Қаныбек ӘБДУОВ.

MURA

Текеметтің түрінде талай сыр бар...

Халқымызда қолөнер ерте заманнан дамыған. Оның бірі — киіз басу өнері. Ата-бабамыз мал шаруашылығымен айналыса отырып, сол төрт түлкінің еті мен сүтін ас-ауқатына жаратса, жүні мен терісін тұрмысқа қажетті бұйымдар үшін кәдеге асырған. Мысалы, қойдың жүнінен киіз үйге қажетті туырлық, үзік, түңлік және еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа білетін түскізіздер және қап түрлерін жасаған.

Ғазиза ӘБЛІДА.

Айталық, бүгінде Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы қорында киізден жасалынған 267 бұйым сақтаулы. Олардың әрқайсысы әр кезеңдегі ел тарихының дәйегі, ұлттық мұрамыздың асыл құндылығы. Міне, өзіміз куә болып отырғандай, бүгін киізден жасалған бұйымдар тек туристер тамашалайтын таңсық затқа айналып барады. Оның себебі, уақыт ағымымен тұрмысқа тұтынатын киіз, текеметтердің орнын сәнді де сапалы түкті кілемдер басты.

Қоғамдағы кейбір тұрмыстық қажеттіліктер араға бірнеше жылдар салып, қайта оралып отырады. Айталық, кешегі 1991-1992 жылдары біздің өңірімізде киіз басу өнері қайта өріс алды. Оның себебі, сол жылдары ел экономикасындағы күрделі өзгерістер салдарынан елдің әлеуметтік жағдайы маз емес болатын. Тұрмыстық бұйым түгелі, тамақ табуың өзі қиын еді. Осы тұста ауыл-ауылдары көнекөз карт аналар келіндеріне киіз басу әдісін үйретті. Кәдімгідей,



қунара екі-үш үйде киіз басылып жататын. Жалпы алғанда, киіз басу барлық жерде бір тәсілмен орындалады. Алдымен, киіз басуға арналған ши немесе арнайы кенептен дайындалған алаша бетіне бірыңғай түсті жүн қалың әрі біртегіс етіп салынады. Оның бетіне түрлі-түсті боялған жүннен ою түседі. Сонан соң бетіне ыстық су себіліп, шиге еппен оралады да, әрі-бері аунатып, нығыздалады. Бұдан әрі киіздің төрт бұрышын біріктіре, қарпу әдісі (жоғары көтеріп, қайта жерге ұрып, ширату) қолданылады. Яғни, қарпыған кезде киіздің бояуы кірігіп, өрнегі орнығып, жүні тығыздала түседі. Осыдан соң текеметті күн көзіне жайып қояды. Өбден кеуіп дайын болған соң төсеніш қылып тұтынады. Бұл төсеніштің ерекшелігі — астынан суық өткізбейтін жылылығы, сонымен бірге, сапасының мықтылығы, бірнеше жылдарға дейін қолданыла береді.

Ал текеметтің әдемі болуы оның бетіне салынған оюға байланысты, сондықтан ою жүргізетін шебердің ісерлігіне аса мән беріледі. Тіпті, кейде бір ғана шебер бар үйдің киізіне тұр салып береді десек те болады. Текеметті дайындауға бір күнге жуық уақыт кетеді. Сондықтан текемет басу барысында бір-біріне ене, келін, абысын болып келетін ауыл әйелдерінің басы қосылып, қазан көтеріп, көңіл шалқытқан әдемі кешке ұласып жатады.

...Алма ағаштың гүліндей-ай, Текеметтің түріндей-ай. Өтіп дәурен бара жатыр, Сіз бен бізге білінбей-ай... Иә, сағынышты мұңға толы "Дедімай-ау" әнінің де осындай бір басқосуда шығуы ғажап емес.


Жоғарыда айтып өткеніміздей, уақыт ағымымен кейбір қажеттіліктер қайта айналып келіп отырады. Оның бір мысалы, осы күні табиғи тоқыма киімдерге, жүн шұлықтарға сұраныс жоғары. Сондықтан күндердің күні киіз өнімдері тағы да қолданысқа еніп жатса, таң қалмаңыз.

«SYR BOIY» — 90

Қызылордадағы тарихи матч

1988 жылы 20 шілдеде Қызылордада футболдан тарихи матч өткізілді. Кеңес Одағының жоғары тобында ойнайтын Харьковтің «Металлисті» Қызылордаға келіп, КСРО кубогінің 16/1 сатысында 15 мың жанкүйердің қатысуымен матч өткізді. Бұл қарымта ойын еді. Алдында Харьковте болған бірінші кездесуде украиндықтар 2:1 есебімен жеңіске жеткен болатын. Біз журналистер қарымта ойынның куәсі болдық. Матч қарсаңында «Қызылорда» қонақүйінде (ол кезде жалғыз қонақ үй) болып «Металлистің» аға жаттықтырушысы Е.Лемешкодан сұхбат алып, ол футбол болатын күні «Ленин жолы» газетінде жарияланған болатын. Төменде ойын барысынан жазылған есеп ықшамдалып, оқырмандар назарына ұсынылып отыр.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.



Суретте: «Металлист» және «Мелиоратор» командаларының аға жаттықтырушылары Евгений Лемешко мен Юрий Хакимов. Суреттерді түсірген Болат Омаралиев.

«...20 июльде Қызылордаға үлкен футбол келді. Ол шын мәнінде спорт, достық мерекесіне айналды. Қызылордалықтар тұңғыш рет ресми ойында жоғары топтың белді командасы, СССР кубогінің жеңімпазы Харьковтің «Металлист» командасының қатысуымен болған ойынды тамашалап, одан жақсы әсер алды. Жергілікті жанкүйерлер класс жағынан екі саты жоғары тұрған командамен СССР кубогі жолындағы жарыстың 8/1 финалына шығуға харьковтік футболшылардың мүмкіндігі мол екенін жасырған жоқ.

...Ойын жанкүйерлердің күткеніндей, алма кезек шабуылмен, үлкен жылдамдықта басталды. Жаттықтырушының нұсқауын басшылыққа алған Харьков футболшылары алаң иелерінің қақпасына алғашқы минуттардан-ақ қауіп төндірді. Доп бірде қақпа жақтауына, маңдайшына тиіп кері қайтты. Енді бірде Н.Құлымбетов, М.Есмұратов, Ә.Қалымбетовтердің салқынқандылығы арқасында доп ойын алаңындағы қауіпті аймақтан кері қайтарылып, кейбір сәттерде қақпашы А.Малесов шеберлік танытты.

Екінші тайм алғашқыға ұқсас болды. Алаңның орталығында қожалық еткен Украина футболшылары шабуылды үстің-үстіне өрістетте түсті. Айта кетуіміз керек, осы жолы А.Малесов жалғыз қателік жіберді. Қонақтар қорғаушысы С.Колоченконың қиғаштай соққан добы тордан бір-ақ шықты. Голдан кейін алаңға шыққан қызылордалық Қ.Ибрагимов, А.Холматов ойынға жаңа серпін әкелді. С.Когай соңғы минуттарда доп соғу мүмкіндігінен айырылып қалды. Дегенмен, айта кетуіміз керек, «Мелиоратор» ойының өн бойында «Металлистпен» тең дәрежеде ойын өрнегін көрсетті.

Ия, бұл сол 1988 жылы жазылған мақала еді. Футболдан Қызылорданың «Мелиораторы» сол кезеңде Қазақстанда аты дүркіреп тұрған команда болатын. Ал жоғарыда есімдері аталған футболшылар аға жаттықтырушы Ю.Хакимовтің басшылығымен Кеңес Одағы біріншілігінің екінші аралық тобындағы аузы команданың құрамында өнер көрсетті. Үнемі шабуыл өтінде жүретін Нартай Құлымбетов 90-шы жылдары қайтыс болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын қазіргі «Қайсардың» «полковнигі» атанған Әбіл Қалымбетов те өмірден озды.